

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 711 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 30 желтоқсанда № 7366 тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Тізбенің алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма күн өткен соң қолданысқа енгізілетін оның 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі бұйрығының талаптарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

А. Бектұров

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушының
2011 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 711 бұйрығымен бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

(бұдан әрі - Тізбе)

1) **Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.09.2013 № 750 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2) "Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7058 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 10 тамыздағы № 358-359 (26753) жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы біліктілік талаптары мынадай авиация персоналына қойылатын талаптарды айқындайды:

әуесқой пилот (ұшақ, тікұшақ);

коммерциялық пилот (ұшақ, тікұшақ);

желілік пилот (ұшақ, тікұшақ);

аса жеңіл авиация пилоты;

штурман;

бортрадист;

бортинженер (борт механик);

борт жолсерігі;

бортоператор;

әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман (инженер, техник, механик);

ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер;

әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері (бұдан – әрі ӘҚБК);

аса жеңіл авиация әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман (техник, механик);

авиациялық станциясының операторы (теңіз қондырғыларында орналасқан.");

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әуе кемесінің экипажы мүшесінің, әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманның және ұшуды қамтамасыз ету қызметкерінің, ӘҚБК диспетчерінің функцияларын орындауды осы Біліктілік талаптарының талаптарына қанағаттандыратын және тиісті біліктілік белгілерімен қолданыстағы куәлігі бар адам жүзеге асырады. Осы Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар мен жазулары бар авиация персоналының жеке ісі азаматтық авиация ұйымдарында және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органда сақталады және уәкілетті органның мұрағатына авиация персоналы куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап 5 жыл өткен соң беріледі.";

36-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) STI(A) біліктілік белгісін (рейтингтер) ұзарту үшін ізденушілерге рұқсаттың қолданылу мерзімінің соңғы 12 ай ішінде пилотаждық тренажерде немесе FNPT II

немесе BITD кемінде үш сағат оқыту өткізу, егер CPL, IR, PPL орындау немесе типтің немесе кластың біліктілік белгісі (рейтингтер) курстар шеңберінде қолданылатын болса, әдетте оқыту жүргізілетін пилотаждық тренажерде немесе FNPT II әуе кемесінің тиісті типі немесе классы үшін FCL жазылған кәсіптік жарамдылығын тексеруді орындау, BITD-да STI(A) оқыту үшін кәсіптік жарамдылығын тексеру қажет.";

55-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Бортинженердің - кәсіптік жоғары білімі, ал бортмеханиктің – кәсіптік орташа арнайы білімі болады.";

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу немесе құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маманның куәлігін алу үшін үміткердің бекітілген бағдарлама бойынша дайындығы болады және мынадай салаларда білімі болады:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы, сертификаттау процесін және әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын қолдауды реттейтін ұшу жарамдылығына қойылатын талаптарды қоса алғанда, сондай-ақ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру әдістері мен рәсімдеріне, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маманның куәлігін иеленушіге қатысты бөлігінде.

Ескертпе. ӘК құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі куәлікті алуға үміткер үшін:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы, әуе кемелері құрауыштарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маманның куәлігін иеленушіге, сондай-ақ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру әдістері мен рәсімдеріне қатысты бөлігінде

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман "А" біліктілік белгісін алу үшін:

1) Заттың базалық элементтерін білуі;

2) жалпы сөздерді немесе заттарды пайдалана отырып, тұтастай алғанда заттың қарапайым сипаттауын білуі, үлгі терминдерді пайдалана білуі тиіс.";

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман "В1" және "В2" біліктілік белгілерін алу үшін:

1) заттың теориялық негізін білуі, егер қолданылса, үлгі мысалдарды пайдалана отырып, заттың жалпы сипаттауын бере білуі және затты сипаттайтын құжаттарды, сызбаларды және схемаларды түсінуі;

2) егжей-тегжейлі рәсімдерді пайдалана отырып, өзінің білімін практикада пайдалана білуі тиіс.

"B1" және "B2" біліктілік белгілерін алу үшін қызметтің сұрайтын салаларында білімдерін көрсетуге рұқсат етіледі.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман "С" біліктілік белгілерін алу үшін:

1) заттың теориясын және басқа заттармен өзара байланысын білуі, теориялық негізді және мысалдарды пайдалана отырып, заттың егжей-тегжейлі сипаттауын бере білуі, затқа қатысты математикалық формулаларды түсіне және пайдалана білуі, мақалаларды, затты сипаттайтын қарапайым сызбалар мен схемаларды түсіне және әзірлей білуі;

2) пайдалану құжаттамаларын пайдалана отырып, өз білімін практикада қолдана білуі тиіс.";

мынадай редакциядағы 64-1-тармақпен толықтырылсын:

"Әуе кемелерінің құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман ӘК құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде біліктілік белгілерін алу үшін:

1) заттың теориясын және басқа заттармен өзара байланысын білуі, теориялық негізді және мысалдарды пайдалана отырып, заттың егжей-тегжейлі сипаттауын бере білуі, затқа қатысты математикалық формулаларды түсіне және пайдалана білуі, мақалаларды, затты сипаттайтын қарапайым сызбалар мен схемаларды түсіне және әзірлей білуі;

2) пайдалану құжаттамаларын пайдалана отырып, өз білімін практикада қолдана білуі тиіс.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман:

1) Әуе кемелеріне дербес техникалық қызмет көрсету құқығынсыз механик әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді өткізу бойынша функцияларды "B1", "B2", немесе "С" сертификаттайтын персоналының бақылауында орындайды.

2) Әуе кемелерінің құрауыштарына дербес техникалық қызмет көрсету құқығынсыз механик әуе кемелерінің құрауыштарына техникалық қызмет көрсетуді өткізу бойынша функцияларды лабораториялар/шеберханалардың сертификаттайтын персоналының бақылауында орындайды.

3) "А" сыныптау белгісі бар механик әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсетуді жүргізу бойынша функцияларды және жұмыстардың ерекше түрлеріне шектеулер шегінде қарапайым ақауларды жоюды орындайды, орындалған жұмыстарды сертификаттайды, сондай-ақ өзі орындаған, орындалған жұмыстарды туралы құжаттарға қол қояды;

4) "B1" біліктілік белгісі бар техник немесе инженер әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды оның планеріне, күш қондырғысына, оның жүйесінің элементтеріне қызмет көрсету мен ауыстыруды қоса, олардың жарамдылығын тексеру үшін қарапайым тестілеуді талап ететін электр жабдығы, аспаптық және радиоэлектрондық жабдық жүйелерінің блоктарын ауыстыруды қоса, орындайды, орындалған жұмыстарды сертификаттайды, жүргізілген жұмыстар туралы құжаттарға қол қояды, сондай-ақ "A" біліктілік белгісіне сәйкес келетін функцияларды орындайды;

5) "B2" біліктілік белгісі бар техник немесе инженер электр жабдығы, аспаптық және радиоэлектрондық жабдық жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындайды, орындалған жұмыстарды сертификаттайды, сондай-ақ жүргізілген жұмыстар туралы құжаттарға қол қояды;

6) "C" біліктілік белгісі бар инженер әуе кемесіне қызмет көрсету құжаттамасында белгіленген шектерде кез келген көлемдегі және жұмысты көп қажетсінуде әуе кемесін ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша функцияларды орындайды, сондай-ақ ұшу жарамдылығын анықтау бойынша жұмыстарды жүргізеді және тиісті қорытындыларға қол қояды;

7) "A1" және "A1.1" біліктілік белгісі бар персонал турбиналық күш қондырғысы бар ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

8) "A2" және "A2.1" біліктілік белгісі бар персонал піспекті күш қондырғысы бар ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

9) "A3" және "A3.1" біліктілік белгісі бар персонал турбиналық күш қондырғысы бар тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

10) "A4" және "A4.1" біліктілік белгісі бар персонал піспекті күш қондырғысы бар тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

11) "A5" және "B1.5" біліктілік белгісі бар персонал піспекті күш қондырғысы бар дирижабелдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

12) "A5" және "B1.5" біліктілік белгісі бар персонал коммерциялық әуе тасымалдарына тартылмаған, ең үлкен ұшу массасы 5700 кг дейінгі пішпекті күш қондырғысы бар ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

13) "A7" біліктілік белгісі бар персонал аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды және орындалған жұмыстарды сертификаттайды;

14) құрауыштарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі біліктілік белгісі бар персонал құрауыштарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындайды және оларды сертификаттайды."

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Әуе кемелеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маманның функцияларын орындау бойынша біліктілік белгілерін алу үшін мыналарға тәжірибесі болуы тиіс:

1) "А" біліктілік белгісін және "В1.2" мен "В1.4" санаттарын алу үшін:

орта (толық) білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

орта кәсіптік білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта арнайы білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

2) "В2" біліктілік белгісін және "В1.1" мен "В1.3" санаттарын алу үшін:

орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта арнайы білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

3) ең үлкен ұшу массасы 5700 килограммнан (бұдан әрі – кг) жоғары әуе кемесін қоса алғанда, әуе кемелеріне қызмет көрсету құқығы бар "С" біліктілік белгісін алу үшін:

ең үлкен ұшу массасы 5700 кг жоғары әуе кемелеріне "В 1.1", "В 1.3" немесе "В2" санатты біліктілік белгілерінің өкілдігін пайдалана отырып, кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

ең үлкен ұшу массасы 5700 кг жоғары әуе кемелеріне "В 1.2", "В 1.4" немесе "В2" санатты біліктілік белгілерінің өкілдігін пайдалана отырып, кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

жоғары техникалық білімі болған кезде базалық техникалық қызмет көрсетуді (техникалық қызмет көрсетудің ауыр нысандары) орындау бойынша алты айды қоса, өндірістік жағдайда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

4) жеңіл әуе кемелеріне қызмет көрсету құқығы бар "С" біліктілік белгісі үшін – "В1" немесе "В2" біліктілік белгісінің өкілдігін пайдалана отырып, екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

5) "А6" немесе "А1.6" біліктілік белгілерін алу үшін:

орта (толық) білімі немесе орта кәсіптің білімі болған кезде пайдаланудағы техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта арнайы білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша алты ай практикалық жұмыс тәжірибесі.

б) ӘК құрауыштарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша біліктілік белгісін алу үшін:

орта (толық) білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

орта кәсіптік білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта арнайы білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі.";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. ӘҚҚК қатысты адамның мүмкіндіктері мен шектеулері.";

мынадай мазмұндағы 83-1-тармақпен толықтырылсын:

"83-1. Аэродинамиканың, әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларының негіздері:

1) әуе кемесінің негізгі геометрикалық деректері;

2) әуе кемесінің негізгі аэродинамикалық сипаттамалары;

3) әуе кемесінің қанатын механизациялау;

4) әуе кемесінің аэродинамикалық сипаттамасына атмосфералық жағдайының әсері.

";

85-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Осы Біліктілік талаптарының 73-84-тармақтарда санамаланған ережелерге қосымша тиісті біліктілік белгілерін (рұқсат етуді) алу алдында машықтарға (тағылымдамаға) мынадай талаптар қойылады:";

86-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Осы Біліктілік талаптарының 73-84-тармақтарда санамаланған ережелерге қосымша тиісті біліктілік белгілерін (рұқсат етуді) алу алдында машықтарға (тағылымдамаға) мынадай талаптар қойылады:";

88-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Осы Біліктілік талаптарының 73-84-тармақтарда санамаланған ережелерге қосымша тиісті біліктілік белгілерін (рұқсат етуді) алу алдында машықтарға (тағылымдамаға) мынадай талаптар қойылады:";

мынадай мазмұндағы 31-тараумен толықтырылсын:

"31. Авиациялық станцияның (теңіз қондырғысында орналасқан) операторына қойылатын біліктілік талаптары.

96. Авиациялық станцияның (теңіз қондырғысында орналасқан) операторының куәлігін алу үшін үміткер 18 жастан үлкен болуы тиіс.

97. Авиациялық станцияның (теңіз қондырғысында орналасқан) операторының куәлігін алу үшін үміткер мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) техникалық білімі болуы;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мынадай салаларда білімі болуы:

Авиациялық фразелогия және радио алмасу ережесі;

Қазақстан Республикасының заңнамасын және теңіз қондырғысында жұмыс орындауды реттейтін нормативтік актілерді;

әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ұшу ережелері және әуе навигациясының негіздері;

авиациялық метеорологияның теориялық мәселелерін және авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді регламенттейтін құжаттардың негізгі ережелері;

радионавигациялық жабдық жұмысының негіздері мен қағидаттары;

радионавигациялық жабдықтың тактика-техникалық сипаттамалары және авиациялық электр байланысының құралдары;

қызмет көрсететін әуе кемелерінің негізгі деректері мен тактика-техникалық сипаттамалары;

3) аттестатталған авиация станциясы операторының басшылық етуімен өтініш берудің алдында тікелей 6 ай ішінде кемінде 60 жұмыс күнінде теңіз қондырғысында табысты тағылымдамадан өту;

4) әуе кемелерінің, басқа да ұшу аппараттарының ұшуын және теңіз қондырғысы ауданында әуе кеңістігінде материалдық объектілердің өзге де орын ауыстыруын бақылауды білу;

5) метеорологиялық және орнитологиялық жағдайдың жай-күйін бақылауды және талдауды білу;

6) әуе кемесі экипажын ұшуды қауіпсіз жоспарлау және орындау үшін, сондай-ақ теңіз қондырғысы бар әуе кемесінің қонуы мен ұшуы үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете білу;

7) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізген кезде авариялық-құтқару қызметтерімен байланысты және өзара іс-қимылды қамтамасыз ете білу. Авария орнын, апат ауданын карта мен схема бойынша анықтай білу;

8) теңіз қондырғысында орналасқан байланыс құралдарын, ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етуді және радио сигнал беруді баптауды, тексеруді және басқаруды жүзеге асыруды білу;

9) әуе кемесімен жолаушыны,багажды және жүкті тасымалдауға арналған құжаттарды рәсімдей білу;

10) радио, телефон, факс, электрондық почта, Интернет жүйесі арқылы телеграммалар мен хабарларды қабылдауды және жіберуді білу;

11) газ-өрт жабдығының жай-күйін тексеру бойынша машықтарды білу;

12) теңіз жабдығы қозғалысының мониторингі бойынша жабдықтармен жұмыс машықтарын білу;

13) ауа райы жағдайының мониторингі бойынша жабдықтармен жұмыс машықтарын білу;

14) авиация станциясының операторы функциясын орындау үшін қажетті көлемде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін игеру машығын білу.";

Мемлекеттік тілдегі мәтін осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3) "Шет мемлекеттер берген авиация персоналының куәліктерін тану туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 546 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6690 тіркелген, 2011 жылғы 07.01, № 3 (26424) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

Авиация персоналының шет мемлекеттер берген куәліктерін тану туралы қағидада: 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шетел азаматына шет мемлекеттер берген авиация персоналының куәлігін Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы уәкілетті орган мынадай талаптар сақталған кезде танылады:

1) үміткер Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымына жұмысқа шақырылса (көшірмесі);

2) үміткер мынадай құжаттарды ұсынады:

жеке басын куәландыратын құжат (төлқұжат);

азаматтық авиация персоналының авиациялық куәлігі (көшірмесі);

медициналық қорытынды (ұшу және диспетчерлік құрам – көшірмесі);

кейінгі кезеңде біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы құжаттардың көшірмесі (LPC/OPC skill test up grade ұшу құрамы үшін);

ұшу кітапшасынан ұшу сағаттары туралы жазба бөлімінен соңғы үш бет (көшірмесі);

осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шет мемлекеттер берген авиация персоналының куәліктерін тануға өтініш (түпнұсқа);

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының азаматына шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналының куәлігі мынадай талаптар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болған;

2) шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналының куәлігі " Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау

бағдарламасын, сондай-ақ халықаралық ұшуды орындау кезінде авиация персоналының радиотелефон байланысында белгілі бір көлемде пайдаланылатын ағылшын тілін игеруге қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 17 наурыздағы № 150 бұйрығымен бекітілген оқу және кәсіптік бағдарламаларға сәйкес келгенде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6872 тіркелген);

3) әуе кемесінде оқу бойынша біліктілігі және денсаулық сақтау субъектісі немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган таныған Қазақстан Республикасы шегінен тысқары медициналық орталық берген кәсіптік жарамдылықтың медициналық қорытындысы болғанда;

4) ұшу сағаттарының мөлшері Конвенцияға 1-қосымшаға (Авиация персоналына куәлік беру) сәйкес Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) талаптарында көрсетілген ұшу уақытының минимумына тең немесе жоғары болуы тиіс;

Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияның авиация персоналы осы Қағидада көзделген талаптарды сақтаған кезде шет мемлекетте алған әуе кемесінде оқыту бойынша біліктілігін жоғалтпайды.";

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналының куәлігінің жарамдылығын растау үшін Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшаның талаптарына сәйкес осы мемлекеттің Авиациялық әкімшілігіне сұрау салу жібереді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналының куәлігін тануын алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда өтініш және осы Қағиданың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тиісті құжаттарды ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Шет мемлекет берген авиация персоналының куәлігін тану туралы куәлігі (сертификатты) алған Қазақстан Республикасының азаматы үшін азаматтық авиация саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 138 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6860 тіркелген) Қазақстан Республикасының авиация персоналының куәліктерін беру қағидасына сәйкес авиация персоналының куәлігін бере алады;

1-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

тізбеге

Авиация мамандары куәліктерінің сериялық әріптік кодтары мен түстерінің кестесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.09.2013 № 750 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тізбеге

2 қосымша
Авиация персоналына
куәлік беру қағидасына
2–қосымша
Нысаны

Авиация персоналына куәлік беру тізілімі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.09.2013 № 750 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тізбеге

3-қосымша
Авиация персоналына
куәлік беру қағидасына
3–қосымша

Авиация персоналы куәлігінің XII және XIII тармақтарын толтыру

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.09.2013 № 750 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тізбеге

4-қосымша

Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 шілдеде № 7058 тіркелді

"Казахстанская правда" ж 2011 ж. 10.08.N 251(26672)

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Б. Камалиев

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникация министрінің
2011 жылғы 13 маусымдағы
№ 362 бұйрығымен
Бекітілген

Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына, Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго, 1944 жыл), Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттары мен ұсынылатын іс-тәжірибесіне сәйкес әзірленді. (1-қосымша "Авиациялық персоналға куәліктер беру").

2. Осы біліктілік талаптары мынадай авиация персоналына қойылатын талаптарды айқындайды:

- әуесқой пилот (ұшақ, тікұшақ);
- коммерциялық пилот (ұшақ, тікұшақ);
- желілік пилот (ұшақ, тікұшақ);
- аса жеңіл авиация пилоты;
- штурман;
- бортрадист;
- бортинженер (бортмеханик);

борт жолсерік;
бортоператор;
әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман (инженер/техник/механик);
ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер;
әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері (бұдан әрі - ӘҚҚК диспетчері);
аса жеңіл авиацияның әуе кемелеріне техникалық техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маман (техник/механик).

3. Әуе кемелері экипажы мүшесінің, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманның және ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі маманның, азаматтық авиация ӘҚҚК диспетчерінің функцияларын орындауды осы біліктілік талаптарының талаптарын қанағаттандыратын және біліктілік белгілеріне сәйкес қолданыстағы куәлігі бар адам жүзеге асырады. Құжаттар және жазбалар қамтылған, осы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын жеке істері пайдаланушыда және уәкілетті органда сақталады, және авиациялық персонал куәлігінің қолданыс мерзімі аяқталғаннан бастап 5 жыл өткен соң уәкілетті органның мұрағатына тапсырылады.

Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Біліктілік талаптарында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) адамның мүмкіндіктері – авиациялық қызмет қауіпсіздігі мен тиімділігіне әсер ететін адамның қабілеттері мен оның мүмкіндіктерінің шектері;

2) әуе кемелерінің түрі – белгіленген негізгі сипаттамаларының негізінде әуе кемелерінің сыныптамасы (ұшақ, планер, тікұшақ, еркін аэростат);

3) бақылаудағы әуе кемесінің командирі - әуе кемесі командирінің бақылауымен әуе кемесі командирінің міндеттері мен функцияларын орындайтын екінші пилот;

4) борттағы электрондық жабдық - әуе кемесінің бортында пайдалануға арналған оның электр бөлігін қоса алғанда, кез келген электрондық қондырғы, оның ішінде радио жабдық, ұшуды автоматты басқару жүйесі және аспапты жабдық;

5) біліктілік белгісі – куәлікте жасалған немесе оған қатысы бар және оның бір бөлігі болып табылатын жазба, онда осы куәлікке қатысы бар ерекше жағдайлар, құқықтар немесе шектеулер көрсетіледі;

6) дербес ауаға көтерілу – курсант пилот әуе кемесінің бортында жалғыз адам болып табылатын ұшу уақыты;

7) дирижабль – күш қондырғысымен қозғалысқа келтірілетін ауадан жеңіл ұшу аппараты;

8) қателерді бақылау – қателерді табу және оларға бақылап өлшегіштің көмегімен ден қою процесі, олар қателерді азайтады немесе салдарын жояды және қателердің немесе жағымсыз ахуалдардың ықтималдылығын төмендетеді;

9) қауіп-қатер – пайдалану персоналы мүшесінің құзыреті саласынан тыс болатын оқиғалар немесе қателер, пайдалану күрделілігін арттырады және оларды қауіпсіздіктің шекті деңгейін ұстап тұру үшін басқару қажет;

10) қауіп-қатер факторларын бақылау – бақылап өлшегіш көмегімен қауіп-қатерлерді анықтау және оларға ден қою процесі, олар қауіп-қатерлерді азайтады немесе салдарын жояды және қателердің немесе жағымсыз ахуалдардың ықтималдылығын төмендетеді;

11) медициналық қорытынды – оның иесінің денсаулығының жағдайы бойынша жарамдылыққа қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжат;

12) планердің ұшу уақыты – әуелеп ұшу кезінде және ұшу аяқталғаннан кейін ол тоқтаған сәтке дейін планердің қозғалысы басталған сәттен бастап жетекте немесе жетексіз ұшудағы жалпы уақыт;

13) планер – күш қондырғысымен қозғалысқа келтірілмейтін ауадан ауыр әуе кемесі, оның көтеру күші негізінен ұшудың осы шарттарында қозғалыссыз қалатын үстіңгі қабаттардағы аэродинамикалық жанасу есебінен құралады;

14) аспаптар бойынша жердегі жаттығу уақыты – куәліктерді беру жөніндегі уәкілетті орган бекіткен ұшуды айнытпай көрсететін тренажер қондырғысында ұшқыш жерде аспаптар бойынша ұшуды айнытпай көрсетуді пысықтайтын уақыт;

15) аспаптар бойынша ұшу уақыты (шабуыл) – пилот сыртқы бағдарларды пайдаланусыз тек аспаптар бойынша әуе кемесін басқаратын уақыт;

16) аспаптық уақыт – аспаптар бойынша ұшу уақыты немесе аспаптар бойынша жер үстінде жаттығу уақыты;

17) тікұшақ – ұшуда негізінен шамамен тік қалыпта болатын біліктер айналасында күш қондырғысымен айналатын бір немесе бірнеше көтергіш бұрандалармен ауаның әрекеті есебінен ұсталатын ауадан ауыр әуе кемесі;

18) ұшу шеберлігі – ұшу мақсаттарын орындау үшін білімді, дағдылар мен шеберліктерді пайдалана отырып, үнемі дұрыс шешім қабылдау;

19) ұшу экипажының мүшесі – авиация персоналына жататын, авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар, ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқаруға байланысты міндеттер жүктелген тұлға;

20) ұшуды айнытпай көрсететін тренажер қондырғы (тренажер) – қондырғылардың үш түрінің кез келгені, оның көмегімен жерде ұшу шарттары айнытпай көрсетіледі:

механикалық, электр, электронды және тағы басқа борттық басқару жүйелерінің нақты функцияларын айнытпай көрсетуге мүмкіндік беретін әуе кемесінің белгілі бір түрінің экипажы кабинасын, осы типті әуе кемесінің ұшу экипажы мүшелері үшін әдеттегідей жағдайын және ұшу сипаттамаларын дәл келтіретін тренажер;

экипаж кабинасындағы ахуалды нақты іске қосуды қамтамасыз ететін және аспаптардың көрсеткіштерін, механикалық, электр, электрондық және басқа борт жүйелерінің қарапайым функцияларын, сондай-ақ белгілі бір сыныптағы әуе

кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларын айнытпай көрсететін техникалық еліктеуді пысықтауға арналған тренажер;

аспаптар бойынша ұшуға негізгі дайындыққа арналған тренажер, ол тиісті аспаптармен жабдықталған және ұшу уақытында аспаптар бойынша әуе кемесінің ұшуына ұқсас жағдайды экипаж кабинасында айнытпай көрсетеді.

3. Әуесқой пилотқа (ұшақ, тікұшақ) қойылатын біліктілік талаптары

5. Әуесқой пилот куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады :

1) жасы 17-ден асады;

2) мынадай салаларда білімі болуы:

ұшуды орындауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

ұшу негіздері;

әуе кемесінің тиісті түріне қолданылатын әуе кемелері конструкциясын жалпы білу; күш қондырғыларының, жүйелер мен аспапты жабдықты пайдалану және оның жұмыс істеу қағидаттары;

әуе кемелерінің және олардың күш қондырғыларының тиісті түрінің пайдалану шектеулері;

ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан немесе оған барабар құжаттан пайдалану деректері;

жүктеменің және салмақты бөлудің ұшу сипаттамаларына, салмақ пен ауырлық орталықтарының (орталық) есептеулерін орындауға әсер етуі;

пайдалану құжаттамасында берілген ұшу, қону және басқа да ұшу-техникалық сипаттамаларды іс жүзінде қолдану;

даярлығы және шолып ұшу, ұшу жоспарларын дайындау және толтыру ережелері бойынша ұшуларды орындау кезінде маршрут бойынша ұшу алды дайындық және ұшуды жоспарлау;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 279 бұйрығымен бекітілген "Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық" (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 7006 нөмірімен тіркелген), орналасқан орын туралы жеткізілімдер тәртібі, қарқынды әуе қозғалысы бар аудандарда ұшуларды орындау;

қауіп-қатерлер мен қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық жиынтықтауларды, карталар мен болжамдарды, метеорологиялық ақпарат алу және пайдалану тәртібін, биіктікті, қауіпті

метеорологиялық жағдайларды, биіктікті өлшегіштерді орнату тәртібін түсіну және қолдану;

аэронавигацияның (ұшақты жүргізу) іс жүзіндегі аспектілерін және және жолды есептеудің әдістері, аэронавигациялық карталарды пайдалану;

пайдалану жағдайындағы қауіп-қатерлер мен қателер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтар мен қысқартуларды пайдалану ;

қауіпті метеожағдайларды, әуе кемесінен шатасу ізіндегі турбуленттіктен және басқа да ұшу үшін қауіпті құбылыстардан айналып өту мақсатында қабылданатын іс-әрекеттерді қоса алғанда, апатты жағдайдағы алдын алудың тиісті шаралары мен іс-қимылдар;

тікұшақтар үшін – құйынды шеңбер режимі, жер резонансы, шығып кеткен қалақтағы ақауы, серпінді лақтыру және басқа да қауіпті жағдайлар трансмиссиялары;

шолып ұшу ережелері бойынша ұшуларға қолданылатын байланыс пен фразеологияны, байланыс істен шыққан кезде іс-қимылдар жүргізу;

3) әуе кемесінің командирі ретінде тиісті ұшу және маневрлер түрлерін орындау қабілеті, сондай-ақ:

қауіп-қатерлер мен қателер факторларын танып-білу және бақылауды;

шектелген сипаттамалар шегінде әуе кемесін басқаруды;

барлық маневрлерді біртіндеп және дәл орындауды;

ұшуда уақтылы шешімдер қабылдай білу және бақылау мен байқауды білікті жүзеге асыруды;

аэронавигация (ұшақ жүргізу) саласында білімді қолдануды;

ұшудың немесе маневр схемасын дәл орындауды қамтамасыз ететіндей әуе кемесін басқаруды тұрақты жүзеге асыруды білу;

4) екінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындысының болуы.

6. Әуесқой пилот коммерциялық авиацияға қатыспайтын тиісті түрдегі және үлгідегі әуе кемесі командирінің немесе екінші пилотының функцияларын жүзеге асырады. Әуесқой пилот ұшуды орындайтын әуе кемесіне жедел қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

7. Түнгі уақытта ұшуды жүзеге асыру үшін куәлік алуға үміткер ұшуды, қонуды және навигацияны (ұшақты жүргізуді) қоса алғанда, түнгі уақытта ұшуды орындау бойынша нұсқаушы пилотпен қосарлы басқара отырып, тиісті түрдегі әуе кемесінде оқытудан өтеді.

8. "Ұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар әуесқой пилот куәлігін алуға үміткердің:

1) тренажерде 5 сағаттан астам ұшу ескерілетін ұшақтың пилоты ретінде бекітілген бағдарлама бойынша даярлық курсының өту барысында ұшақта кемінде 40 сағат (бұдан әрі - с) ұшуы;

2) сұратылатын біліктілік белгісіне сәйкес нұсқаушы пилоттың басшылығымен ұшақтарда кемінде 10 с дербес ұшу маршрут бойынша 5 с дербес ұшуды қоса алғанда, бұл ретте екі әртүрлі әуеайлақта толық тоқтағанға дейін қона отырып, ұзақтығы кемінде 270 км маршрут бойынша бір ұшуы;

3) аспаптар бойынша кемінде 1 с ұшуы;

4) егер түнде функцияларды жүзеге асыру ұйғарылатын болса, әуе кемесінің командирі (бұдан әрі - ӘКК) міндеттерін түнде орындай отырып, бес ұшуды және қонуды қоса алғанда, 3 с ұшуы болуы тиіс.

Жалпы ұшуға дирижабльден басқа, әуе кемелеріндегі, бірақ жиынтықта 10 с аспайтын ұшудың 10%-ы есептелуі мүмкін.

9. "Тікұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар әуесқой пилот куәлігіне үміткердің:

1) тренажерде 5 сағаттан астам ұшу ескерілетін тікұшақтың пилоты ретінде бекітілген бағдарлама бойынша даярлық курсының өту барысында тікұшақта кемінде 40 с ұшуы;

2) бағыт бойынша 5 с дербес ұшуды қоса алғанда, сұратылатын біліктілік белгісіне сәйкес нұсқаушы пилоттың басшылығымен ұшақтарда кемінде 10 с дербес ұшуы, оған екі түрлі пунктте қона отырып, ұзақтығы кемінде 180 км бағыт бойынша кемінде бір ұшу кіреді;

3) аспаптар бойынша кемінде 1 с ұшуы;

4) егер түнде функцияларды жүзеге асыру ұйғарылатын болса, ӘКК міндеттерін түнде орындай отырып, бес ұшуды және қонуды қоса алғанда 3 с ұшуы болуы тиіс. Жалпы ұшуға дирижабльден басқа, әуе кемелеріндегі, бірақ жиынтықта 10 с аспайтын ұшудың 10%-ы есептеледі.

4. Коммерциялық пилот куәлігін алушыға қойылатын талаптар

10. Коммерциялық пилот куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 18-ден асқан;

2) мынадай салаларда білімі болуы тиіс:

ұшуды орындауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

ұшу негіздері;

әуе кемелерінің тиісті түріне қолданылатын әуе кемелерінің конструкцияларын жалпы білу;

күш қондырғыларының, жүйелер мен аспапты жабдықты пайдалану және олардың жұмыс істеу қағидаттары;

әуе кемелерінің тиісті түрінің және олардың күш қондырғыларының пайдалану шектеулері;

ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан немесе соған ұқсас құжаттан пайдалану деректері;

жүктеменің және салмақты бөлудің ұшу сипаттамаларына, салмақ пен ауырлық орталықтарының (орталық) есептеулерін орындауға әсер етуі;

пайдалану құжаттамасында берілген ұшу, қону және басқа да ұшу-техникалық сипаттамаларды іс жүзінде қолдану;

жабдықтың және әуе кемелерінің тиісті түрлерінің жүйелерін пайдалану және жарамдылығын тексеру;

планерге, әуе кемелерінің тиісті түрлерінің жүйелеріне және күш қондырғыларына техникалық қызмет көрсету;

ұшу алды даярлығы және шолып ұшу ережелері бойынша ұшуды орындау кезіндегі маршрут бойынша ұшуды жоспарлау, ұшу жоспарларын даярлау және толтыру;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 279 бұйрығымен бекітілген "Әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық" (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 7006 нөмірімен тіркелген), орналасқан орын туралы жеткізілімдер тәртібі, үдемелі әуе қозғалысы бар аудандарда ұшуды орындау;

қауіп-қатерлер мен қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық жиынтықтарды, карталар мен болжамдарды түсіну және қолдану, метеорологиялық ақпарат алу және пайдалану тәртібі, биіктікті, қауіпті метеорологиялық жағдайларды, биіктікті өлшегіштерді орнату тәртібі;

авиациялық метрология, тиісті аудандардың климатологиясы және оның авиацияға әсері, төмен және жоғары қысым аумақтарын, атмосфералы ағындардың құрылымдарын араластыру, маршрут бойынша ұшу, көтеріліп ұшу және қону жағдайларына әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының туындауы және олардың сипаттамалары;

мұз басуды себептері, тану және салдарлары, фронтальды аймаққа кіру тәртібі, қауіпті метеожағдайлары бар ауданды айналып өту;

аэронавигациялық карталарды, аспаптар мен навигациялық құралдарды пайдалануды, тиісті навигациялық жүйелердің, борттық жабдық жұмыстарының қағидаттары мен сипаттамаларын түсіну;

пайдалану жағдайындағы қауіп-қатерлер мен қателердің факторларын бақылау әдістерін қолдану;

аэронавигациялық ақпаратты пайдалану, авиациялық кодтар мен қысқартуларды түсіну;

авариялық жағдайдағы сақтық шаралары және іс-қимылдар;

жүктерді тасымалдаудың, қауіпті жүктерді тасымалдаудың әлеуетті тәуекелдерінің пайдалану ережелері;

әуе кемесіне отыру және одан түсу кезіндегі сақтық шараларын қоса алғанда, қауіпсіздік мәселелері бойынша жолаушыларға нұсқама беру талаптары мен іс-тәжірибесі;

тікұшақтар – жүктердің сыртқы аспаға әсер етуі;

тікұшақтар үшін – құйынды шеңбер режимі, жер резонансы, шығып кеткен қалақтағы ақау, серпінді лақтыру және басқа да қауіпті жағдайлар трансмиссиялары, шолып ұшу метеорологиялық жағдайларында ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелері;

байланыс істен шыққан кезде шолып ұшу ережелері бойынша ұшулар кезінде байланыс және фразеология жүргізу;

3) ӘКК ретінде көрсетілген схемалар мен маневрлердің тиісті түрін орындау қабілеті, сондай-ақ:

қауіп-қатерлер мен қателер факторларын танып-білу және бақылауды;

шектелген ұшу-техникалық сипаттамалар шегінде әуе кемесін басқаруды;

барлық маневрлерді біртіндеп және дәл орындауды;

уақтылы шешімдер қабылдай білу және ұшуда бақылау мен байқауды білікті жүзеге асыруды;

аэронавигация саласында (ұшақ жүргізу) білімді қолдануды;

ұшудың немесе маневр схемасын дәл орындауды қамтамасыз ететіндей әуе кемесін басқаруды тұрақты жүзеге асыруды білуі;

4) бірінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындысының болуы.

11. Коммерциялық пилот куәлікте тиісті біліктілік белгілері болған кезде:

тиісті түрдегі әуе кемесінің әуесқой пилот куәлігінің иесінің;

коммерциялық тасымалдауларға байланысты емес ұшулар кезінде тиісті түрдегі ӘКК-нің;

бір пилотпен ұшуға арнап сертификатталған коммерциялық әуе тасымалдары кезінде тиісті түрдегі ӘКК-нің;

он пайдалану үшін екінші пилоттың болуы талап етілетін тиісті түрдегі әуе кемесіндегі екінші ұшқыштың функцияларын жүзеге асырады.

12. "Ұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар коммерциялық пилот куәлігін алуға үміткердің иесі ұшақтың пилоты ретінде бекітілген бағдарлама бойынша даярлық курсынан өту барысында ұшақта кемінде 150 с ұшуы болады, оған жаттығу орындағы 10 с аспайтын әуеге көтерілу есептеледі.

13. "Тікұшак" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар коммерциялық пилот куәлігін алуға үміткердің тікұшақтың пилоты ретінде бекітілген бағдарлама бойынша даярлық курсынан өту барысында ұшақта кемінде 100 с ұшуы болады, оған жаттығу орындағы 10 с аспайтын әуеге көтерілу есептеледі.

5. Желілік пилотқа қойылатын талаптар

14. Желілік пилот куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 21-ден асқан;

2) мынадай салаларда білімі болуы:

ұшуды орындауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар;

ұшу негіздері;

электр, гидравликалық жүйелердің, үрлеу жүйесінің және әуе кемесінің басқа жүйелерінің, автоұшқышты қоса алғанда, ұшуды басқару жүйесінің жалпы сипаттамалары мен шектеулері;

жұмыс қағидаттары, әуе кемелерінің күш қондырғыларын пайдалану және шектеу, атмосфералық жағдайлардың ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан немесе оған барабар құжаттан пайдалану деректеріне сәйкес келетін қозғалтқыштар сипаттамасына әсер ету ережелері;

әуе кемелерінің тиісті түрлерін пайдалану және шектеу, ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан немесе оған барабар құжаттан тиісті пайдалану деректеріне сәйкес атмосфералық жағдайлардың әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларына әсер етуі;

тиісті әуе кемелері жүйелері жабдығын пайдалану және істен шығуын тексеру;

пилотаждық аспаптар, компастар; гироскопиялық аспаптар, пайдалану шектеулері мен және прецессияның әсер етуі, түрлі пилотажды аспаптар мен электронды индикаторлар істен шыққан кезде іс-қимылдар тәртібі;

планерлерге, жүйелерге және тиісті әуе кемелерінің күш қондырғыларына техникалық қызмет көрсету;

жүктеменің және салмақты бөлудің ұшу-техникалық сипаттамаларға және әуе кемесін басқару сипаттамаларына, салмақ пен орталықтың есептеудің орындалуына әсер етуі;

крейсерлік ұшуда басқаруды қоса алғанда ұшу, қону және басқа сипаттамалардың өлшемдерін пайдалану және іс жүзінде қолдану;

маршрут бойынша ұшуды ұшуалды жоспарлау және жедел жоспарлау, ұшу жоспарларын дайындау және ұсыну;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 279 бұйрығымен бекітілген "Әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар" (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 7006 нөмірімен тіркелген), биіктікті өлшеу қондырғысының тәртібін даярлау және беру ;

қауіп-қатерлер мен қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық жиынтықтарды, карталар мен болжамдарды түсіну және қолдану; ұшу алдында және ұшу уақытында метеорологиялық ақпарат алу және пайдалану; биіктікті өлшеу;

авиациялық метрология, климатология, төмен және жоғары қысымды аудандарды, ағындардың құрылымдарын араластыру, көтеріліп ұшу, маршрут бойынша ұшу және қону жағдайларына әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының туындауы және олардың сипаттамалары;

мұз басу себептері, тану және салдарлары, фронтальды аймаққа кіру тәртібі, қауіпті метеожағдайлары бар ауданды айналып өту;

ұшақтар үшін – метеожынтықтарды, карталар мен болжамдарды, ағысты ағындарды түсіну мен пайдалануды қоса алғанда, үлкен биіктіктердегі метеорология;

аэронавигациялық карталарды, радионавигациялық құралдарды және аймақтық навигация жүйелерді, ұзақтығы үлкен маршруттар бойынша ұшуға қатысты ерекше навигациялық талаптарды пайдалануды қоса алғанда, ұшақты жүргізу;

әуе кемесін және навигацияны басқару үшін қажет авиациялық электронды және аспапты жабдықтың шектеулерін және пайдалану сенімділігін пайдалану, есепке алу;

маршрут бойынша ұшып көтерілу, ұшу, қонуға бет алу және қону сатыларында қолданылатын навигациялық жүйелерді пайдалану;

автономды навигациялық жүйелердің және сыртқы құралдарға бағдарланған жүйелердің қағидаттары мен сипаттамалары, борттық жабдық жұмыстары;

пайдалану жағдайында қауіп-қатерлер мен қателер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтар мен қысқартуларды түсіну және пайдалану;

авариялық жағдайда, сақтық шараларын және іс-қимылдар, ұшу қауіпсіздігі ережелерін сақтау;

жүк тасымалдарын және қауіпті жүктердің тасымалдарын пайдалану ережелері;

әуе кемесіне отыру және одан түсу кезіндегі сақтық шараларын қоса алғанда, қауіпсіздік мәселелері бойынша жолаушыларды үйрету талаптары мен іс-тәжірибесі;

тікұшақтар үшін – құйынды шеңбер режимі, жер резонансы, шығып кеткен қалқандағы ақау, серпінді лақтыру және басқа да қауіпті жағдайлар трансмиссиялары,

шолып қарау метеорологиялық жағдайларында ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыртқы ілінудегі жүктердің басқару сипаттамасына әсері;

байланыс істен шыққан кезде байланыс және фразеология, іс-қимыл жүргізу ережесі;

3) бірінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындының болуы.

15. Желілік пилот куәлігіне тиісті біліктілік белгілері болған кезде:

рұқсат етілген түрдегі әуе кемесінің әуесқой пилоты және коммерциялық пилоты куәлігінің иесінің;

коммерциялық әуе тасымалдарында рұқсат етілген түрдегі әуе кемесінің және біреуден артық пилоты бар ұшулар үшін сертификатталған кез келген ӘКК-нің функцияларын жүзеге асырады.

16. "Ұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар желілік пилот куәлігін алуға үміткердің ұшақ пилоты ретінде кемінде 1 500 с ұшуы болуы тиіс, оған жаттығу орнында 100 с аспайтын ұшу есепке алынады.

17. "Тікұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар желілік пилоты куәлігін алуға үміткер, тікұшақтардың пилоты ретінде кемінде 1000 с ұшуының болуы қажет, оған тренажерде 100 с аспайтын ұшу есепке алынады.

6. Аса жеңіл әуе кемесінің пилотына қойылатын талаптар

18. Аса жеңіл әуе кемесінің пилоты куәлігінің алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 17 жастан үлкен;

2) мына салаларда білімі болуы тиіс:

аса жеңіл әуе кемесінің тиісті сыныбының практикалық аэродинамикасы, аса жеңіл әуе кемесінің конструкциясы және оны пайдалану;

ұшуды орындауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

жүйелер мен аспаптық жабдықтар жұмысының қағидаттары;

пайдаланудағы шектеулер, ұшуда пайдалану жөніндегі басшылықтан тиісті пайдалану деректерін немесе оған баламалы құжатты пайдалану;

салмағын тиеу және ұшу сипаттамаларына бөлу әсері, салмағы мен центровканы есепке алу;

ұшу (старттық), қону және басқа да ұшу-техникалық сипаттамалардың параметрлерін пайдалану және практикалық қолдану;

маршрут бойынша ұшуды ұшу алдындағы жоспарлау және жоспарлау, қарқынды қозғалыс аудандарында ұшуды орындау;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, аса жеңіл әуе кемесінің пилотына қатысты адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метрология негіздерін, метеорологиялық ақпаратты алу және пайдалану, биіктікті өлшеу қағидаларын қолдану;

аэронавигацияның практикалық аспектілерін және жолды есептеу әдістерін, аэронавигациялық карталарды пайдалану әдістерін қолдану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтар мен қысқартуларды пайдалану ;

қауіпті метеожағдайлардан, іздегі турбуленттіліктен және басқа да қауіпті жағдайлардан өту мақсатында қабылданатын іс-қимылды қоспағанда, авариялық жағдайдағы абайлаушылық және іс-қимыл шараларын сақтау;

аса жеңіл авиацияның пилотына қатысты ұшу негіздері;

3) мынадай ұшудың:

элеуетті қондырғымен жабдықталған аса жеңіл әуе кемелерінде, - 12 с дербес ұшуды қоса алғанда, аса жеңіл әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 25 с, 5 с – маршрут бойынша, кемінде 30 дербес ұшу мен қонудың, оның ішінде дросселденген (сөндірілген) қозғалтқышпен 6 рет қонудың;

элеуетті қондырғысы жоқ аса жеңіл әуе кемелерінде, - 12 с жалпы ұшудың, әрқайсысының ұзақтығы 10 мин. 12 ұшудың, әрқайсысы 30 мин. астам 5 рет ұшудың, қашықтығы кемінде 1,5 км маршрут бойынша 3 ұшудың болуы;

мына салаларда:

аса жеңіл әуе кемесін жинау мен тексеруді қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

әуе жылдамдығын тиісті шектеуді, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібін және сигналдарды пайдалануды қоса алғанда, старттың пайдаланылатын әдісінде қолданылатын техникалық әдістер мен қағидаларды орындау;

қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шараларды орындау;

сыртқы көрнекі бағдарлар көмегімен басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонында ұшуды орындау;

бастапқы және өршіген құлауды тану және одан алып шығу, қанатын жинау, ұшудың басқа қауіпті режимдері;

қауіпті ұшу режимдеріне шығудың алдын алу;

әртүрлі жағдайда ұшу және қону (бүйірден соққан желде, сөндірілген қозғалтқышпен қону кезінде, шектеулі ұшу-қону жолағы);

көрнекі бағдарлар көмегімен маршрут бойынша ұшуды және жолды есептеу әдістерін орындау;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі;

4) екінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындының болуы.

19. Функцияларды орындау үшін аса жеңіл авиацияның пилоты аса жеңіл әуе кемесінің типі туралы біліктілік белгілерін алуға тиіс:

1) игерімді басқарумен (дельтаплан, дельталет);

2) аэродинамикалық басқарумен (автомай, тікұшақ, ұшақ);

3) сабақтас басқарумен.

20. Су бетінде ұшуды орындау үшін аса жеңіл авиацияның пилотының кемінде 12 с аса жеңіл әуе кемесінің конфигурация бойынша ұшуы болуы тиіс.

21. Авиациялық жұмыстарды орындау үшін аса жеңіл авиацияның пилотына:

1) кемінде бір жыл ішінде кемінде 80 с жалпы ұшу, оның ішінде кемінде 20 с авиациялық жұмыстарға оқыту кезінде ұшуы және әуеайлақтан тыс алаңнан 50 ұшуды орындауы;

2) орындалатын жұмыстардың технологиясы, авиациялық жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын заттар мен жабдықтардың сипаттамалары туралы білім алуын қамтитын бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі тиіс.

22. "Аса жеңіл авиацияның пилоты – нұсқаушы" біліктілік белгісін алу үшін аса жеңіл авиацияның пилоты куәлігінің иегерінде кемінде 100 с, оның ішінде соңғы 2 жыл ішінде ұшудың болуы қажет. Осы ұшуға моторсыз аса жеңіл әуе кемесіне - 40 с астам ұшу есептеледі.

7. "Нұсқаушы-пилот" біліктілік белгісін алуға қойылатын біліктілік талаптары

23. Нұсқаушылардың жеті санаты бар:

1) ӘК (FI(A)) – Нұсқаушы-пилоттың біліктілік белгісі (рейтингі);

2) TRI(A) – нұсқаушы біліктілік белгісі (рейтингі) үшін ұшақ үлгісі бойынша біліктілік белгісі (рейтингі);

3) CRI(A) – ұшақ сыныбы бойынша біліктілік белгісі (рейтингі) үшін нұсқаушы біліктілік белгісі (рейтингі);

4) аспаптар бойынша ұшу рейтингі үшін нұсқаушы біліктілік белгісі (рейтингі) – ұшақ IRI (A);

5) пилотажды жаттығу орындары бойынша нұсқаушы – ұшақ (SFI(A));

6) көп пилотты ӘК экипажы мүшелерінің өзара іс-қимылы жөніндегі нұсқаушы – ұшақ (MCCI(A));

7) кешенді ұшу даярлығы жөніндегі нұсқаушы - ұшақ (STI);

24. "Пилот-нұсқаушы" біліктілік белгісін алу үшін нұсқаушыға мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) кемінде бір куәлігінің болуы, даярлық тақырыбы бойынша рейтингі мен біліктілігі;

2) ол үшін даярлық жүргізілетін ӘК үлгісі немесе сыныбының пилоты ретінде кемінде 15 сағат тәжірибесінің болуы;

3) осындай даярлық уақытында ӘК командирі ретінде әрекет ету өкілеттіктері.

25. "Пилот-нұсқаушы" біліктілік белгісін алу үшін үміткердің:

1) куәлікте көрсетілген әуе кемесінің түріне сәйкес бекітілген бағдарлама бойынша даярлықтан өтуі және коммерциялық пилот куәлігін алу кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келуі;

2) білімдерді игеруі:

практикалық оқу әдістемесі;

жердегі даярлық жүзеге асырылатын пәндер бойынша оқушылардың, тыңдаушылар мен студенттердің үлгерімін бағалау;

материалды игеру процесі;

тиімді оқыту элементтері;

студенттер, оқушылар және тыңдаушылардың білім деңгейін тексеру және бағалау бойынша;

даярлық бағдарламасын әзірлеу;

сабақты жоспарлау;

аудиториялық оқыту әдістемесі;

айнытпай көрсету тренажерін қоса алғанда, ұшуды оқу құралдарын пайдалану;

студенттер, оқушылар және тыңдаушылардың қателерін түзеу және талдау жүргізу бойынша;

қауіп және қателіктер факторын бақылау принциптерін қоса алғанда, ұшу дайындығына қатысты адам мүмкіндіктері;

әуе кемесі жүйелерінің істен шығуының айнытпай көрсетумен байланысты қауіптері;

3) ол ұшу дайындығын жүргізуге ниеттенген салаларда және ұшу алдындағы, нұсқама беру, ұшуды талдау және жердегі дайындықты қоса алғанда, пилот-нұсқаушының қызметін жүзеге асыру көзделетін әуе кемелерінің сол үлгісі мен кластарында оқуға қабілеттілігі;

4) операцияларды, практикалық тәжірибелі оқыту әдістерін көрсетуді, курсанттардың ең көп тараған қателіктерін тану және түзеуді қоса алғанда, ұшу дайындығын жүргізуді оқыту әдістемесі бойынша курсты өту. Ол ұшу дайындығын жүргізуге ниетті ұшу маневрлер және схемаларын орындау әдістемесін практикада қолдана білу.

26. Аспап бойынша ұшуға класы және рұқсат беруі бойынша біліктілік белгісін қоса алғанда, FCL куәлігіне алу үшін оқыту кезінде нұсқаушыларда:

1) әуе кемесі бойынша оқыту өткізу үшін осы мемлекетте тіркелген басқа елдің талаптарына сәйкес коммерциялық авиация пилотының куәлігі (CPL) және ICAO-ға сәйкес берілген біліктілік белгілері;

2) рұқсаттың қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қалауы бойынша анықталады, бірақ 3 жылдан аспайды ;

3) мынадай шектеулері бар рұқсаттар:

оқыту қандайда бір нұсқаушының біліктілік белгісін (рейтинг) беру үшін жүзеге асырылмайды;

оқыту жүргізілетін тілді меңгерген курсанттар оқуға жіберіледі;

оларды алда өткізу үшін нұсқаушы тиісті тәжірибе көрсеткен АТР бірыңғай курсы бөлімдері үшін.

8. ӘК (FI) пилот-нұсқаушысының біліктілік талаптары

27. "Ұшақ" FI(A) біліктілік белгісін алу үшін үміткердің:

1) бітірген FI(A) пилот-нұсқаушы курсы;

2) коммерциялық пилот куәлігі(CPL) немесе кемінде 200 сағат ұшу, соның ішінде 150 сағат ӘКК ретінде ұшуы;

3) оның 5 сағаты курсқа түсердің алдындағы дайындық ұшудың алдындағы 6 ай ішінде орындаған, піспекті күш қондырғысы бар бір қозғалтқышты әуе кемесінде кем дегенде 30 сағат ұшуы;

4) аспаппен ұшуға кемінде 10 сағат дайындығы, соның ішінде айнытпай көрсету аспабымен FNPT пилотаждық және навигациялық рәсімдерді өтуге арналған құрылғыларға аспап бойынша жердегі жаттығу уақыты 5 сағаттан аспайтын дайындығы (аспаппен ұшу үшін жабдықталған әуе кемесі үшін);

5) жиынтығы 540 км (300 теңіз милі) жетіп, оның процесі кезінде екі түрлі әуе айлақта толық тоқтауымен отырғызу жүзеге асырылатын ӘКК ретінде 20 сағаты маршруттық ұшуы болуы тиіс.

"Тікұшақ" FI(H) біліктілік белгісін алу үшін үміткердің:

1) бітірген FI(H) пилот-нұсқаушы курсы;

2) кем дегенде 200 с тікұшақта ұшуы бар, соның ішінде:

кемінде 100 с тікұшақтың командирі ретінде, егер ATP(L)(H) немесе CPL (H) бар болса, немесе кемінде 200 с командир ретінде PPL(H) ұшуы болуы тиіс.

9. (TRI) үлгісі бойынша нұсқаушының біліктілік талаптары

28. "Ұшақ" TRI(MPA) біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) TRI(A) біліктілік белгісі (рейтингі);

2) көп мүшелі әуе кемесінде кемінде 1500 с ұшуы;

3) кемінде 30 маршруттық ұшуы, соның ішінде уәкілетті органмен келісім бойынша әуе кемесінің қолданыстағы немесе ұқсас үлгісіндегі әуе кемесінің командирі немесе екінші пилоты ретінде ұшуы мен қонуы болуы тиіс, олардың алдыңғы өтінімдердің 12 айы ішінде орындалған 15 аспайтын ұшуы айнытпай көрсететін құралда орындалуы мүмкін.

29. "Тікұшақ" TRI(H) біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) TRI(H) біліктілік белгісі (рейтингі);

- 2) бір пилотты бір қозғалтқышты тікұшақтарда кемінде 250 с ұшуы;
- 3) бір пилотты көп қозғалтқышты тікұшақтарда кемінде 250 с ұшуы;
- 4) көп пилотты тікұшақтарда кемінде 1000 с ұшуы болуы тиіс.

10. (CRI(SPA)) класы бойынша нұсқаушының біліктілік талаптары

30. "Ұшақ" CRI(MPA) біліктілік белгісін алу (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) TRI(A) біліктілік белгісі (рейтингі);

2) көп қозғалтқышты әуе кемелері үшін:

кемінде 500 с әуе кемесінің пилоты ретінде ұшуы, соның ішінде кемінде 30 с әуе кемесінің командирі ретінде қолданыстағы әуе кемелерінің түрлері бортында ұшуы,

әуе кемесінің бортында немесе осы мақсаттар үшін рұқсаттарға ие нұсқаушы өткізетін пилотаждық тренажерде кемінде 5 с ұшуды қамтитын үлгідегі ұшу дайындығы немесе әуе кемесінің бортында біліктілік белгісі (рейтингі) бойынша бекітілген ұйымда курстан өтуі;

3) бір қозғалтқышты әуе кемелері үшін мыналар қажет:

кемінде 300 с ӘК-нің пилоты ретінде ұшуы, соның ішінде қолданыстағы үлгі немесе класты әуе кемесінің бортында ӘКК ретінде кемінде 30 с ұшуы,

әуе кемесінің бортында немесе осы мақсаттар үшін рұқсаттарға ие нұсқаушы өткізетін пилотаждық тренажерде кемінде 5 с ұшуды қамтитын үлгідегі ұшу дайындығы немесе әуе кемесінің бортында біліктілік белгісі (рейтингі) бойынша бекітілген ұйымда курстан өтуі.

11. (IRI) класы бойынша нұсқаушының біліктілік талаптары

31. "Ұшақ" IRI(A) біліктілік белгісін алу (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) IRI(A) біліктілік белгісі (рейтингі);

2) аспап бойынша ұшуы кемінде 800 с ұшуы, оның ішінде әуе кемесінің бортында 400 с ұшуы;

3) теориялық сабақтарды және әуе кеме бортында, пилотаждық тренажерде немесе FNPT-да кемінде 10 с ұшуды қамтитын ұшу дайындық бойынша ұйымның бекітілген курс өтуі болуы тиіс.

32. "Тікұшақ" IRI(A) біліктілік белгісін алу (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) IRI(H) біліктілік белгісі (рейтингі);

2) аспап бойынша кемінде 500 с ұшуы, оның ішінде тікұшақтың бортында 250 с ұшуы болуы тиіс.

12. (SFI) кешенді ұшу даярлығы жөніндегі нұсқаушының біліктілік талаптары

33. "Ұшак" SFI(A) біліктілік белгісін алу (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) ұшу даярлығы немесе үлгі дайындығы туралы ұйымда оқыту курсы шеңберінде белгілі бір үлгі біліктілік белгісі (рейтингі) үшін тренажерде айнытпай көрсету бағдарламасы;

2) көп мүшелі әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 1500 с ұшу жұмысы тәжірибесі ;

3) SFI(A)) курстарын өтуі;

4) осы мақсатта тағайындалған TRI(A) уәкілетті органның бақылауымен және оның талаптарын орындай отырып, қолданыстағы үлгідегі ӘК бортында және/немесе пилотаждық тренажерде TRI(A) функцияларына арналған үлгі біліктілік белгісі (рейтингі) курстарында кемінде 3 сағаттық ұшу дайындығынан өтуі;

5) өтінім мерзімінің алдындағы 12 айдың ішінде қолданыстағы үлгідегі ұшу имитаторында ұшу дайындығын тексеруден өтуі; және

6) өтінім мерзімінің алдындағы 12 айдың ішінде уәкілетті органмен келісім бойынша пилоттың немесе осыған ұқсас үлгідегі кабинада байқаушы ретінде кемінде 3 маршруттық ұшуды орындауы немесе өтінім мерзімінің алдындағы 12 айдың ішінде уәкілетті органмен келісім бойынша пилоттың немесе осыған ұқсас үлгідегі кабинада байқаушы ретінде білікті экипаж мүшесінің басшылығымен LOFT имитаторында (нақтыға барынша жақындатылған жағдайларда ұшу дайындығы) кемінде 2 дәрісті орындауы болуы тиіс.

Осы айнытпай көрсететін тренажердегі жаттығулар мыналарды қамтиды:

7) әрбір 2 сағат бойынша ең аз ұзақтығымен 2 әртүрлі әуежай арасында ұшу;

8) осыған байланысты ұшуалды жоспарлау және тапсырманы орындағаннан кейін ұшуды талдау.

34. "Тікұшак" SFI(H) біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін үміткердің:

1) SFI(H) курсының өтуі;

2) тікұшак пилоты ретінде кемінде 1000 с ұшуы болуы тиіс.

13. MCCI(A) көп мүшелі әуе кемесінің экипажы мүшелерінің өзара іс-қимылы жөніндегі курс өткізуге нұсқаушының біліктілік талаптары

35. MCCI(A) рұқсатын алуға үміткерге мыналар қажет:

1) коммерциялық авиация пилотының қолданыстағы куәлігі немесе желілік пилоттың куәлігі;

2) көп мүшелік әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 1500 с ұшуы;

3) MCCI(A) бекітілген курсы шеңберінде FNPT II немесе пилотаждық тренажерде жаттығу;

4) осы мақсатта тағайындаған TRI(A), SFI(A) немесе MCCI(A) уәкілетті орган талаптарын бақылауда және орындай отырып, пилотажды тиісті FNPT II немесе

пилотаждық тренажерде МСС барлық курсы шеңберінде кемінде 3 с МСС ұшу дайындығы/ нұсқамасы.

14. (STI) кешенді ұшу дайындығын жүргізу жөніндегі нұсқаушыға қойылатын біліктілік талаптары

36. STI(A) рұқсатын алуға үміткердің:

1) тиісті курстардың талаптарына жауап беретін оның нұсқаушылық біліктілігін көрсете отырып, осының алдындағы 3 жыл бойы қолданыстағы куәлігі болуы тиіс;

2) STI(A) функцияларына байланысты бақылаумен және FIE(A) уәкілетті органы осы мақсатта белгілеген талаптарды орындай отырып немесе пилоттық тренажерде немесе FIE(A)-да кемінде 3 сағат ұшу дайындығын өткізуі, немесе егер STI(A) оқытуды тек BITD-де (приборлар бойынша ұшудың оқу стенді) жүргізгісі келсе, ол BITD-де бақылаумен және FIE(A) уәкілетті органы осы мақсатта белгілеген талаптарды орындай отырып кемінде 3 сағат өткізуі қажет;

3) өтінім алдындағы 12 ай ішінде болжамды оқытуға сәйкес қолданыстағы класс немесе үлгідегі FNPT әуе кемесінде FCL-ге сәйкес ұшу дайындығын тексеруден өтуі немесе тек BITD-де оқытуды жүргізгісі келетін STI(A) үшін өтінім алдында 12 ай ішінде ұшу дайындығын тексеруден өтуі қажет;

4) STI(A) рейтингін ұзарту үшін ізденуші рұқсат қолданылатын мерзімнің соңғы 12 айы ішінде пилоттық тренажерде немесе FNPT II немесе BITD-да кемінде 3 сағат ұшу дайындығын өткізуі, егер CPL, IR, PPL немесе типі немесе сынып рейтингінің курстарын орындау шеңберінде қолданса, әдетте оқыту үйретілетін пилоттық тренажерде немесе FNPT II FKC тиісті үлгісі немесе класы үшін FCL-да айтылған кәсіптік жарамдылығын тексеруді орындауы немесе тек BITD-да STI(A) оқыту үшін кәсіптік жарамдылығын тексеруді орындауы қажет.

37. Үлгі біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін оқытатын нұсқаушының:

1) осы елде тіркелген әуе кемесі бойынша жүргізілетін оқыту үшін басқа елдің талаптарына сай ICAO-ға сәйкес берілген куәлігі немесе біліктілік белгісі (рейтингі);

2) үлгі бойынша біліктілік белгісі (рейтингі) нұсқаушысы ретінде (TRI(A) немесе баламасы) айнытпай көрсететін тренажерлерде 100 с ұшуы немесе оқып-үйренуі;

3) рұқсаттың қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы уәкілетті органның қалауы бойынша айқындалады, бірақ 3 жылдан аспайды;

4) рұқсат былайша шектеледі;

қандай да бір нұсқаушылық біліктілік белгісін (рейтингін) беру үшін оқыту жүзеге асырылмайды;

оқыту жүргізілетін тілді тиісті түрде меңгерген курсанттар ғана оқуға жіберіледі;

МСС үшін оқыту жүргізілмейді.

15. Емтихан алушыларға қойылатын біліктілік талаптары

38. Емтихан алушылардың алты негізгі тағайындауы бөлінген:

1) емтихан алушы – пилот – (FE(A)).

2) үлгі бойынша біліктілік белгісінің (рейтингінің) емтихан алушысы – (TRE(A)).

3) класс бойынша рейтингтің емтихан алушысы – (CRE(A)).

4) приборлар бойынша ұшуға жіберудің емтихан алушысы – (IRE(A)).

5) кешенді оқыту бойынша емтихан алушы – (SFE(A)).

6) емтихан алушы – пилот–нұсқаушы – (FIE(A)).

39. Емтихан алушыларда, егер өзгеше көзделмесе, кемінде кәсіптік машықтарына тестілеу немесе ұшу дайындығына тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген пилоттардың куәліктері мен біліктілік белгілері (рейтингілері) тең куәліктің және біліктілік белгілері (рейтингілері) болуы қажет, сондай-ақ осы лицензиялар мен рейтингтер үшін оқыту өкілеттіктерінің болуы қажет.

40. Емтихан егер өзгеше көзделмесе, алушыларда машықтарына тестілеу немесе ұшу дайындығына тексеру жүргізу кезінде әуе кемесінің командирі функцияларын орындау үшін жеткілікті біліктілігінің болуы қажет және біліктілікке қойылатын елеулі талаптарға жауап беруі қажет. Білікті емтихан алушылар болмаған кезде Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органының қалауы бойынша емтихан алушыларға/инспекторларға тип/класс/аспаптар бойынша ұшуға рұқсат біліктілік белгілері (рейтингілері) бойынша жоғарыда аталған талаптарға сәйкес болмаса да рұқсат беріледі.

41. Емтихан өткізу рұқсатын алуға үміткерлердің нұсқау беруді, машықтарына тестілеу жүргізуді, машықтарына тестілеу жүргізілетін ізденушіні бағалауды, ұшуды талқылауды және жазбалар/құжаттама жасауды қоса алғанда, кемінде осы рұқсат талап етілетін тиісті емтихан алушы ретінде машықтарына бір тестілеу жүргізілуі қажет.

42. Осы бөлікте көрсетілген біліктілік пен тәжірибеге қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда қандай да бір тапсырманы жүзеге асыру үшін емтихан алушылар FE(A), TRE(A), CRE(A), IRE(A), SFE(A) немесе FIE(A) рөлін орындаумен ғана шектеліп қалмайды.

16. Емтихан алушы – пилотқа (FE) біліктілік талаптары

43. Емтихан алушы – пилот (FE) (ұшақ) рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

1) бір мүшелік әуе кемесінің FE біліктілік белгілерін (рейтингілерін) (белгісін) алу үшін, емтихан алушы бір мүшелі әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 1000 ұшуды орындау, оның ішінде PPL үшін кемінде 250 с ұшу дайындығы қажет;

2) бір мүшелік әуе кемесінің FE біліктілік белгілерін (рейтингілерін) алу үшін, емтихан алушы бірмүшелі әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 2000 с ұшуды орындау, оның ішінде CPL үшін кемінде 250 с ұшу дайындығы қажет.

44. Емтихан алушы – пилот (FE) (тікұшақ) рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

1) бір мүшелік әуе кемесінің FE біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін, емтихан алушы бірмүшелі әуе кемесінің пилоты ретінде 1000 сағаттан кем емес ұшуды орындау, оның ішінде PPL үшін 250 сағаттан кем емес ұшу дайындығы қажет;

2) бір мүшелік әуе кемесінің FE біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін, емтихан алушы бір мүшелік әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 2000 с ұшуды орындау, оның ішінде CPL үшін кемінде 250 с ұшу дайындығы қажет.

17. TRE типі бойынша біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін емтихан алушыға қойылатын біліктілік талаптары

45. Емтихан алушы – пилот TRE(A) (ұшақ) рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

көп мүшелік әуе кемесінің пилоты ретінде кемінде 1500 с ұшудың, оның ішінде кемінде 500 с әуе кемесінің командирі ретінде TRI (A) біліктілік белгілері (рейтингілері) немесе рұқсаты болуы қажет.

Емтихан алушы – пилот TRE(H) (тікұшақ) рұқсатын алушы кандидатқа мыналар:

бірнеше пилоттармен тікұшақтың пилоты ретінде 1500 сағаттан кем емес ұшудың, оның ішінде 500 сағаттан кем емес әуе кемесінің командирі ретінде TRI (H) біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет.

Бір пилоты көп қозғалтқышы бар тікұшаққа TRE(H) алу үшін:

тікұшақта пилот ретінде кемінде 1500 с ұшудың, оның ішінде кемінде 500 с әуе кемесінің командирі ретінде TRI (H) біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет.

Бір пилоты бір қозғалтқышы бар тікұшаққа TRE(H) алу үшін:

тікұшақта пилот ретінде кемінде 750 с ұшудың, оның ішінде кемінде 500 с әуе кемесінің командирі ретінде FI(H) немесе TRI (H) біліктілік белгісін (рейтингін) болуы қажет.

18. (CRE) класы бойынша біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін емтихан алушыға қойылатын біліктілік талаптары

46. CRE (A) емтихан алушы - пилот рұқсатын алушы кандидатқа мыналар:

әуе кемесінде пилот ретінде кемінде 500 с ұшуы куәлігі болуы қажет.

19. (IRE) құралдары бойынша ұшуға біліктілік белгісін (рейтингін) алу үшін емтихан алушыға қойылатын біліктілік талаптары

47. Емтихан алушы - пилот IRE (A) "ұшақ" рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

Кемінде 2000 с әуе кемесінің пилоты ретінде ұшуы, оның ішінде кемінде 450 с IFR (аспаптар бойынша ұшу ережесі), оның ішінде 250 сағатын пилот-нұсқаушы ретінде ұшуы болуы қажет.

Емтихан алушы - пилот IRE (H) "тікұшақ" рұқсатын алушы кандидатқа мыналар: IRI (H) бойынша біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет;

Кемінде 2000 с тікұшақтың пилоты ретінде ұшуы, оның ішінде кемінде 300 с құралдар бойынша, оның ішінде 250 сағатын пилот-нұсқаушы ретінде ұшуы болуы қажет.

20. (SFE) кешенді оқытудың емтихан алушысына қойылатын біліктілік талаптары

48. Емтихан алушы - пилот SFE(A) "ұшақ" рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

ATPL (A) желілік пилоттың куәлігінің болуы, кемінде 1500 с көп мүшелік әуе кемесінің пилоты ретінде ұшуды орындау және SFI (A) біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет.

Емтихан алушы - пилот SFE(H) "тікұшақ" рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

тиісті тікұшақ үлгісіне IR(H) ATPL(A) желілік пилоттың куәлігінің болуы, кемінде 1000 с тікұшақ командирі ретінде ұшуды орындау және SFI(H) біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет.

21. (FIE) пилот - нұсқаушы емтихан алушыға қойылатын біліктілік талаптары

49. Емтихан алушы - пилот FIE(A) "ұшақ" рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

Кемінде 2000 с ұшақ пилоты ретінде ұшуы, оның ішінде FI(A) біліктілік белгісі (рейтингі) ізденушісіне нұсқама үшін кемінде 100 с ұшуы болуы қажет.

50. Емтихан алушы - пилот FIE(A) "тікұшақ" рұқсатын алушы үміткерге мыналар:

- 1) FI(H), TRI(H) немесе IRI(H) біліктілік белгісі (рейтингі) болуы қажет;
- 2) FE(H), TRE(H) немесе IRE(H) рұқсатының болуы қажет;
- 3) кемінде 200 с тікұшақ пилоты ретінде және FI(H), RI(H) немесе IRI(H) біліктілік белгісіне (рейтингіне) дайындық барысында кемінде 100 с ұшуы болуы қажет.

22. Штурман куәлігінің иегеріне қойылатын талаптар

51. Штурман куәлігін алушы үміткердің:

- 1) жасы 18 жастан үлкен;
- 2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мынадай салаларда білімінің болуы:

ұшуды орындауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

массаны тиеу және әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына бөлу әсері;

крейсерлік режимде ұшу қағидаларын қоса алғанда, ұшу-қону және басқа да сипаттамаларды пайдалануы;

ұшу алдындағы дайындық және бағыт бойынша ұшуды орындау, әуе қозғалысын ұйымдастыру мақсаттары үшін ұшу жоспарларын, биіктік өлшеуішті орнату тәртібін дайындау мен ұсынуы;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағидастарын қоса алғанда, штурманға қолданылғанда адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық шолуларды, карталар мен болжамдарды; кодтар мен қысқартуларды түсіну мен практикалық қолдану, ұшу алдында және ұшу кезінде метеорологиялық ақпаратты алу мен пайдалануы, биіктікті өлшеуі;

авиациялық метеорология; авиацияға әсер ететін тиісті аудандардың климатологиясы, төмен және жоғары ұшып шығу, маршрут бойынша ұшу және қону шарттарына әсер ететін ерекше ауа айы жағдайының фронттарының құрылымы, туындауы мен сипаттамалары;

жолды есептеу, изобаралық қабат бойынша ұшуды орындау әдістері және аэронавигация, аэронавигациялық карталарды, радионавигациялық құралдар мен аймақтық навигация жүйелерін, үлкен қашықтықтағы маршрут бойынша ұшуға қойылатын ерекше навигациялық талаптарды пайдалану қағидалары;

маршрут бойынша ұшып шығу, ұшу және қонуға бет алу, радионавигациялық құралдарды тану кезеңдерінде қолданылатын навигациялық жүйелерді пайдалануы;

автономиялық жүйелерді және сыртқы құралдарға бағдарланған жүйелерді пайдалану қағидастары, сипаттамалары және тәртібі, борттық жабдықтау жұмыстары;

ұшуда әуе кемесінің орналасқан жерін анықтау, секстанттардың тарировкасы, навигациялық құжаттаманы толтыру мақсатында аспан шамшырақтарының қозғалысын қоса алғанда, аспан саласы, оларды таңдауы және тануы;

аэронавигацияда пайдаланылатын өлшем бірліктері мен формулаларды айқындауы;

маршруттар бойынша ұшып шығу, ұшу, аспаптар бойынша қонуға бет алу кезінде аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтарды, қысқартуларды және бақылау карталарын түсінуі және пайдалануы;

ұшу негіздері;

байланыс жасау мен фразеология қағидалары;

3) түнгі уақыттағы кемінде 30 с ұшуды қоса алғанда, маршрут бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелерінде кемінде 200 с ұшудың болуы;

ұшуда әуе кемесінің орнын анықтай алуы және автономиялық навигациялық жүйелер мен сыртқы құралдарға бағдарланған навигациялық жүйелерді пайдалана отырып, әуе кемесінің навигациясын жүзеге асыру үшін осы ақпаратты қолдана алуы;

әуе кемесі штурманының міндеттерін орындай алуы, сондай-ақ:

қауіп-қатер және қате факторларын тани және бақылай алуы;

дұрыс шешімдер қабылдай алуы және ұшуда байқауды біліктілікпен жүзеге асыра білуі;

аэронавигация саласындағы білімін қолдана білуі;

бірыңғай экипаждың барлық міндеттерін орындауы;

ұшу экипажының басқа мүшелерімен пәрменді түрде сөйлесуді жүзеге асыруы;

4) бірінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындының болуы қажет.

52. Штурман куәлігінің иегері осы Біліктілік талаптарында көрсетілген талаптардың сақталуы шартымен куәлікте тиісті біліктілік белгілері болған кезде әуе кемесінің кез келген түрінде штурманның функцияларын жүзеге асырады.

23. Бортрадист куәлігінің иегеріне қойылатын талаптар

53. Бортрадист куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 18 жастан үлкен;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

ұшуды орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

бортрадистің міндеттемелері бөлігінде азаматтық әуе кемелерін пайдалануды реттейтін қағидалары;

негізгі метеорологиялық элементтер, жағдайлар және оларға байланысты пайдалану аспектілері;

ұшу үшін қауіпті метеорологиялық жағдайлар, ерекше ауа райы жағдайы және оларға байланысты пайдалану аспектілері;

метеорологиялық кодтар мен болжамдармен практикалық жұмысы;

радиожабдықтар және оны пайдалануы;

әуе кемелерінің электр жабдықтары және оны пайдалануы;

ұшу ақпаратын жинау құралдарының мақсаты, олармен шешілетін міндеттер, пайдалану қағидалары;

әуе кемелерінің авариялық-құтқару жарактарының мақсаты, пайдалану қағидалары; байланыс жасау мен фразеология қағидалары;

телеграф әліппесі, Морзе әліппесінің сигналдарын тыңдап қабылдау;

телеграф кілті бойынша хат-хабарды қабылдай және бере алуы;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағида-тарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктерін бортрадистке қолдану;

3) бортрадистің бақылауымен 50 с аспайтын ұшудың нақты шарттарын еліктеп көрсететін кешенді тренажерде ұшу қосылған болуы мүмкін әуе кемесінде бортрадист ретінде кемінде 100 с ұшудың болуы;

4) екінші класты қолданыстағы медициналық қорытындының болуы қажет.

54. Бортрадист куәлігінің иегері Біліктілік талаптарында көрсетілген білімі мен дағдысын көрсеткен әуе кемелерінің кез келген түрінде бортрадистің функцияларын жүзеге асырады.

24. Бортинженерге (бортмеханикке) қойылатын біліктілік талаптары

55. Бортинженер (бортмеханик) куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 18 жастан үлкен;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мынадай салаларда білімінің болуы:

ұшуды орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

отын, жағармай материалдарын және майлау жүйелерін беруді реттеуді, форсаждық камералар мен бүрку жүйелерін орнатуды, қозғалтқыштарды оталдыру және іске қосу жүйелерінің мақсаты мен қағидаттарын қоса алғанда, күш қондырғыларын, газ-турбиналық және/немесе поршеньді қозғалтқыштарды қондырудың негізгі қағидаттары, отын сипаттамалары, отын жүйелері;

әуе кемелерінің жұмыс қағидаттары, олардың күш қондырғыларын пайдалану мен шектеу қағидалары, атмосфералық жағдайдың қозғалтқыштардың сипаттамаларына әсері;

басқару органдарының планерлері, дөңгелек шассиінің, тежегіштердің, газға қарсы қондырғылардың, коррозия бойынша ресурстың конструкциялары және материалдардың тозуы, конструкцияның зақымдануы мен ақауларын табуы;

мұздануға қарсы және су жұқпайтын жүйелері;

ауа үрлеу және кондиционерлеу жүйелері, оттегі жүйелері;

гидравликалық және пневматикалық жүйелері;

электротехника негіздері, тұрақты және ауыспалы ток электр жүйелері, әуе кемелерінің электр сымы, металдандыру және экрандау жүйелері;

приборлық жабдық, компастар, автопилоттар, байланыс радио жабдығы, радионавигациялық және радиолокациялық құралдар, ұшуды басқару жүйелерінің, димплейлер мен авиациялық электронды жабдық жұмысының қағидаттары;

әуе кемелерін шектеу;

өрт сигнал беру жүйелері және өртке қарсы жүйелер;

тиісті әуе кемелері жабдықтары мен жүйелерін пайдалану және тексеру;

массаны тиеу және әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына және әуе кемесінің басқарылу сипаттамаларына бөлу, масса мен центровканы есепке алу әсері;

крейсерлік режимде ұшу қағидаларын қоса алғанда, ұшу-қону сипаттамалары туралы деректерді пайдалану және практикалық қолдану;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, бортинженерге (бортмеханикке) қолданғандағы адамның мүмкіндіктері;

техникалық қызмет көрсету, ұшу жарамдылығын ұстап тұру қағидалары, дефектациялау, ұшу алдындағы тексеру, отын құю кезінде абайлаушылық шараларын сақтау және орнатылған жабдық пен кабина жүйелерінің сыртқы қоректену көздерін қолдану;

қалыпты, ерекше және авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі;

жүк тасымалдаудың және қауіпті жүктерді пайдалану қағидалары;

аэродинамика негіздері;

байланыс жасау мен фразеология қағидалары;

бортинженердің (бортмеханиктің) бақылауымен 50 с аспайтын ұшудың нақты шарттарын еліктеп көрсететін кешенді тренажерде ұшу қосылған болуы мүмкін әуе кемесінде бортинженер (бортмеханик) ретінде кемінде 100 с ұшудың болуы;

5) екінші класты қолданыстағы медициналық қорытындының болуы қажет.

Бортинженерде кәсіптік жоғары білімінің болуы, ал бортмеханикте – кәсіптік орта арнайы білімінің болуы қажет.

25. Бортжолсерігі куәлігінің иегеріне қойылатын талаптар

56. Бортжолсерігі куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы 18 жастан үлкен;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

ұшуды орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

массаны тиеу және әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына бөлу әсері;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, бортжолсерігіне қолданудағы адамның мүмкіндіктері;

әуе кемелерінің жабдықтары;

авариялық жағдайлар және өміршеңдігі;

әуе тасымалдарын ұйымдастыру;

авиациялық медицина және алғашқы көмек көрсетуі;

3) кемінде 30 с көлемінде рейстік жағдайда тренажерде қажетті дайындықтан және тағылымдамадан өтуі;

4) екінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындысының болуы.

57. Осы Біліктілік талаптарының шарттары кезінде, куәлікте әуе кемесінің үлгісі туралы біліктілік белгісі болған кезде бортжолсерігі куәлігінің иегері осы Біліктілік талаптарында көрсетілген білімі мен дағдысын көрсеткен әуе кемелерінің кез келген түрінде бортжолсерігінің функцияларын жүзеге асырады.

26. Бортоператор куәлігінің иегеріне қойылатын талаптар

58. Бортоператор куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады :

- 1) жасы 18 жастан жоғары;
- 2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

ұшуды орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

массаны тиеу және әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына бөлу әсері;

қауіп-қатер және қателер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, бортжолсерігіне қолданудағы адамның мүмкіндіктерін;

әуе кемелерінің жабдықтары;

авариялық жағдайлар – қауіпсіздік және өміршеңдігі;

әуе тасымалдарын ұйымдастыруы;

авиациялық жұмыстарды және әуе тасымалдарын ұйымдастыруы;

басқа да арнайы міндеттерді орындауы;

- 3) кемінде 30 с көлемінде рейстік жағдайда тағылымдамадан, егер қажет болса - тренажерде дайындықтан өтуі;

- 4) екінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындысының болуы.

59. Осы Біліктілік талаптарының сақтау шарттары кезінде, куәлікте әуе кемесінің үлгісі туралы біліктілік белгісі болған кезде бортоператор білімі мен дағдысын көрсеткен әуе кемелерінің кез келген түрінде бортоператорының функцияларын жүзеге асырады.

27. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маманға (инженер/техник/механик) қойылатын біліктілік талаптары

60. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі куәлікті алу үшін үміткердің жасы 18 жастан үлкен болуы қажет.

61. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі куәлікті алу үшін үміткердің бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

1) әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сертификаттау және ұстап тұратын процесін реттейтін ұшу жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру әдістері мен рәсімдерін қоса алғанда, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігінің орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

2) математика негіздері; өлшем бірліктері; физика мен химияның іргелі қағидатары мен теориялық негіздері;

3) әуе кемелері жүйелерінің конструкциялары мен жұмыс істеуін жобалау қағидаттарын, жинау әдістерін; күш қондырғыларын және олармен байланысты жүйелерді; механикалық, гидравликалық, электр және электрондық қоректендіру көздерін; аспаптық жабдықтарын және әуе кемелерін индикациялау жүйелерін; әуе кемесін басқару жүйелерін және навигациялық және байланыс жабдықтарының борттық жүйелерін қоса алғанда, материалдардың сипаттамалары және оларды әуе кемелерін жобалау кезінде қолдануы;

4) әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтауға қажетті жұмыстарды орындау, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі тиісті басымшылықтарда көзделген әдістемелерге сәйкес әуе кемесін күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу, конструкциясын, оның компоненттерін және жүйелерін тексеру, ауыстыру, түрлендіру және ақауларын жою әдістері мен рәсімдері;

5) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қолданғандағы адамның мүмкіндіктері.

62. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман "А" біліктілік белгісін алу үшін:

1) заттың базалық элементтерімен танысуы;

2) жалпы сөздерді немесе мысалдарды пайдалана отырып, тұтастай алғанда затқа жай сипаттама беруге қабілетті болуы;

3) үлгі терминдерді пайдалана білуі қажет.

63. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман "В1" және "В2" біліктілік белгісін алу үшін:

1) заттың теориялық негіздерін түсінуі, егер қолдануға келсе, үлгі мысалдарды пайдалана отырып, затты сипаттайтын құжаттарды, сызбаларды және схемаларды оқи білуі және түсінуі;

2) нақтыланған рәсімдерді пайдалана отырып, өзінің білімін практикада қолдана білуі қажет.

"В1" немесе "В2" біліктілік белгісін алу үшін сұрау салынатын қызмет саласындағы білімін көрсетуге жол беріледі.

64. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман "С" біліктілік белгісін алу үшін:

1) заттың теориясын және басқа заттармен өзара байланысын білуі, теориялық негіздер мен мысалдарды пайдалана отырып, затқа егжей-тегжейлі сипаттама бере білуі, затқа қатысты математикалық формулаларды түсінуі және пайдалана білуі, затты сипаттайтын мақалаларды, жай сызбаларды және схемаларды оқи алуы, түсіне және дайындай білуі;

2) пайдалану құжаттамасын қолдана отырып, өз білімін практикада қолдана білуі қажет.

65. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігінің иегері берілген құқықтарда көзделген функцияларды өзінің орындау қабілетін көрсетуге тиіс.

66. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігінің иегері техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін айқындайтын пайдалану және өзге құжаттама айтылған тілде түсінудің қолайлы деңгейімен оқи білуін көрсетуге тиіс.

67. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман:

1) "А" біліктілік белгісі бары әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуді, "В1", "В2" немесе "С" белгілері иелерінің бақылауымен лицензияға жазылған жұмыстардың айрықша түрлеріне қойылатын шектеулер шегінде жедел техникалық қызмет көрсетуді және ақауларды жоюды жүргізу жөніндегі функцияларды орындайды;

2) "А6" біліктілік белгісі бар әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуді, жедел техникалық қызмет көрсетуді және ақауларды жоюды, сондай-ақ жүргізілген жұмыстар туралы құжаттарға қол қоюды жүргізу жөніндегі функцияларды дербес орындайды;

3) "А7" біліктілік белгісі бар аса жеңіл әуе кемесіне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстардың барлық түрлерін, сондай-ақ жүргізілген жұмыстар туралы құжаттарға қол қоюды жүргізу жөніндегі функцияларды дербес орындайды;

4) оның планерінің агрегаттарына, күш қондырғыларына және оның жүйелерінің элементтеріне қызмет көрсету мен ауыстыруды, олардың жарамдылығын тексеру үшін жай тестілеуді талап ететін электр жүйесі блоктарын, аспаптық және радиоэлектрондық жабдықтарын ауыстыруды қоса алғанда, әуе кемесіне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды, сондай-ақ "А" біліктілік белгісіне сәйкес келетін функцияларды орындайды;

5) "В2" біліктілік белгісі бар электр жүйелеріне, аспаптық және радиоэлектрондық жабдықтарына қызмет көрсету, сондай-ақ жүргізілген жұмыстар туралы құжаттарға қол қоюды жүргізу жөніндегі функцияларды орындайды;

6) "С" біліктілік белгісі бар қызмет көрсетілетін әуе кемесіне арналған пайдалану құжаттамасында белгіленген шекте кез келген көрме мен еңбекті қажет ететін әуе

кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі функцияларды орындайды, сондай-ақ ұшу жарамдылығын анықтау және тиісті қорытындыға қол қою жөніндегі функцияларды орындайды;

7) "А1" немесе "В1.1" біліктілік белгісі бар турбиналық қозғалтқышы бар ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

8) "А2" немесе "В1.2" біліктілік белгісі бар поршеньді қозғалтқышы бар ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

9) "А3" немесе "В1.3" біліктілік белгісі бар турбиналық қозғалтқышы бар тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

10) "А4" немесе "В1.4" біліктілік белгісі бар поршеньді қозғалтқышы бар тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

11) "А5" немесе "В1.5" біліктілік белгісі бар дирижабльдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

12) "А6" немесе "В1.6" біліктілік белгісі бар ең жоғары ұшу массасы 5700 кг дейін поршеньді қозғалтқышы бар, коммерциялық әуе тасымалдарына тартылған ұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі функцияларды орындайды;

13) "А7" біліктілік белгісі бар аса жеңіл әуе кемелеріне қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындайды.

68. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маманның функцияларды орындау жөніндегі біліктілік белгілерін алу үшін мынадай тәжірибесі болуы тиіс:

1) "А" санатындағы "В1.2" және "В1.4" біліктілік белгісін алу үшін:

орта (толық) білімі болған кезде пайдалануда кемінде үш жыл техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі практикалық жұмыс тәжірибесі болуы; немесе

орта кәсіптік білімі болған кезде пайдалануда кемінде екі жыл техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі практикалық жұмыс тәжірибесі болуы; немесе

орта кәсіптік арнайы білімі болған кезде пайдалануда кемінде бір жыл техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі практикалық жұмыс тәжірибесі болуы; немесе

2) "В2" біліктілік белгісін және "В1.1" және "В1.3" санаттарын алу үшін:

пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік арнайы орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

3) ең жоғары ұшу массасы 5700 жоғары әуе кемесін қоса алғанда, әуе кемелеріне қызмет көрсету құқығымен "С" біліктілік белгісін алу үшін:

ең жоғары ұшу массасы 5700 жоғары әуе кемесінде "B1.1", "B1.3" немесе "B2" санаттағы біліктілік белгісінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

ең жоғары ұшу массасы 5700 жоғары әуе кемесінде "B1.2", "B1.4" санаттағы біліктілік белгісінің немесе "B2" біліктілік белгісінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

жоғары техникалық білімі болған кезде базалық техникалық қызмет көрсетуді (техникалық қызмет көрсетудің ауыр нысандарын) орындау бойынша алты айды қоса алғанда, өндірістік жағдайда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

4) жеңіл әуе кемелеріне қызмет көрсету құқығымен "C" біліктілік белгісі үшін - "B1" немесе "B2" біліктілік белгісінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

5) "A6", "A7" және "B1.6" біліктілік белгілерін алу үшін:

орта (толық) білімі немесе кәсіптік орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе

кәсіптік арнайы орта білімі болған кезде пайдалануда техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кемінде алты ай практикалық жұмыс тәжірибесі.

69. "A", "B1" және "B2" біліктілік белгілерін алу үшін тәжірибе әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша практикалық жұмыс барысында алынады.

70. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша мемлекеттік немесе экспериментальдық авиацияда алынған жұмыс тәжірибесі, егер біліктілік деңгейі бойынша осы Біліктілік талаптарына баламалы болса, ескеріледі. Бұл ретте әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі маманда азаматтық авиацияда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша алдағы 12 ай бойы кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

28. Ұшуға қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерге қойылатын талаптар

71. Ұшуға қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің куәлігін алу үшін үміткердің:

1) жасы 21 жастан үлкен;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

ұшуға қызмет көрсету жөніндегі қызметкер/ӘҚКК диспетчері куәлігінің иегері иегеріне қатысты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация

қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы, әуе қозғалысына қызмет көрсетудегі тиісті практика мен қағидалары; ұшақтардың әлеуетті қондырғыларының, жүйелер мен приборлық жабдықтардың жұмыс істеу қағидаттары;

әуе кемелері мен күш қондырғыларын пайдаланушылық шектеулері;

әуе кемесінің ең аз жабдығының тізбесі;

массаны тиеу және әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына бөлу әсері, масса мен центровканы есепке алуы;

ұшуды жедел жоспарлау; отын шығысын және отын бойынша ұшу ұзақтығын есептеу жөнінде; қосалқы әуежайды таңдау рәсімдері, бағыт бойынша крейсерлік ұшуды басқару, үлкейтілген қашықтығы;

әуе қозғалысын ұйымдастыру үшін ұшу жоспарларын дайындау және ұсынуы;

компьютерлердің көмегімен жоспарлау жүйелерінің негізгі қағидаттары;

диспетчердің міндеттеріне қолданудағы адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорология, төмен және жоғары қысым салаларының алмасуы, фронттар құрылымдары, бағыт бойынша ұшып шығу, ұшу және қону шарттарына әсер ететін ауа райының ерекше жағдайларының туындауы мен сипаттамалары;

авиациялық метеорологиялық шолуларды, карталар мен болжамдарды, кодтар мен қысқартуларды, метеорологиялық ақпаратты алу мен пайдалану қағидаларын қолдану бойынша;

аэронавигация қағидаттары, аспаптар бойынша ұшуды орындау қағидалары;

аэронавигациялық құжаттаманы қолдану;

жай және қауіпті жүктерді тасымалдаудың пайдаланушылық рәсімдері;

авиациялық оқиғаларға және оқыс оқиғаларға қатысты рәсімдер, авариялық жағдайдағы ұшу қағидалары;

азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілеріне және әуе кемелеріне қатысты диверсияларға байланысты рәсімдер;

әуе кемесінің тиісті түріне қатысты ұшу қағидаттары;

әуе кемелерімен және тиісті жерүсті станцияларымен байланыс ұстау қағидалары;

3) жұмыс тәжірибесі кемінде бір жылды құрауы шартымен тәжірибенің кез келген қиюласуында бір немесе бірнеше (қиюласуында) функцияларды орындау жөнінде кемінде екі жыл тәжірибесі болуы;

коммерциялық әуе тасымалдарына тартылған әуе кемесінің ұшу экипажы мүшесінің, немесе

коммерциялық әуе тасымалдарына тартылған әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін ұйымдағы метеорологтың, немесе

әуе қозғалысын басқару диспетчерінің немесе ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің немесе коммерциялық әуе тасымалдарына тартылған әуе кемелерінің ұшуын жүргізетін қызметтің техникалық қызметкерінің; немесе

әуе тасымалдарын жүзеге асыру кезінде әуе кемелерінің ұшуына қызмет көрсетуде көмек көрсететін қызметкер ретінде кемінде бір жыл жұмыс өтілінің болуы; немесе

бекітілген бағдарлама бойынша дайындық курсынан өтуі және өтініш беру алдында тікелей кемінде 90 жұмыс күні 6 ай бойы ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің бақылауымен жұмыс істеуі;

дәл есептемелер жүргізуі және күн сайынғы синоптикалық карталар мен ауа райы шолулары бойынша ауа райы талдауын жүргізуі, нақты әуе жолы аудандарында ауа-райы жағдайы туралы нұсқау беруі, тағайындалған әуежайларда және қосалқы әуежайларда әуе тасымалдарын жүзеге асыру кезінде ауа райын болжамдауы;

осы учаскеге арналған ұшудың оңтайлы траекториясын айқындауы және ұшу жоспарларын дайындауы;

қолайсыз метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде ұшу экипажына жедел бақылау жүргізу және көмек көрсету.

72. Ұшуға қызмет көрсету жөніндегі қызметкер/ӘҚҚК диспетчері осы Біліктілік талаптарының сақталуы шартымен жүзеге асыру үшін қажетті білімінің болуы шартымен кез келген өңірде белгіленген қызметті жүзеге асыру үшін қажетті білімі және қолданыстағы үшінші класты медициналық қорытынды болуы жағдайында ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің/ұшу диспетчерінің функцияларын жүзеге асырады.

29. ӘҚҚ диспетчеріне қойылатын біліктілік талаптары

73. Үміткер ӘҚҚ диспетчерінің куәлігін алу үшін мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) жасы 21-ден үлкен;

2) бекітілген бағдарлама бойынша дайындығының және осы Біліктілік талаптарының 29-тарауы 75-83-тармақтарында көзделген білімі болуы;

3) осы Біліктілік талаптарының 29-тарауының 84-тармағында көзделген тәжірибесі мен шеберлігінің болуы;

4) үшінші класты қолданыстағы медициналық қорытындысының (сертификатының) болуы тиіс.

74. ӘҚҚ диспетчерінің куәлігі бар адамдар төменде көрсетілген біліктілік белгілерінің (рұқсаттарының) біреуін алғаннан кейін өз функционалдық міндеттерін орындауға жіберіледі:

1) брифинг диспетчерлік пункті;

2) рульдеу диспетчерлік пункті (бұдан әрі – РДП);

3) старттық диспетчерлік пункт (бұдан әрі – СДП);

4) мұнара диспетчерлік пункті (бұдан әрі – МДП);

5) шеңбер диспетчерлік пункті (бұдан әрі – ШДП);

- 6) жақындау диспетчерлік пункті (бұдан әрі – ЖДП);
- 7) жергілікті диспетчерлік пункті (бұдан әрі – ЖДП);
- 8) аудандық диспетчерлік пункт (орталық) (бұдан әрі – АДП немесе АДО);
- 9) диспетчер – нұсқаушысы;
- 10) аға диспетчер;
- 11) ұшу басшысы;
- 12) әуе қозғалысын жоспарлау, бақылау және үйлестіру диспетчері;
- 13) Әуе қозғалысын жоспарлау бас орталығының (бұдан әрі – ӘҚЖБО) ауысым бастығы.

75. Диспетчердің мынадай білімі болуы тиіс:

Әуе құқығы бойынша:

1) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері:

жалпы ережелер;

әуе кеңістігін пайдалану;

Қазақстан Республикасы авиациясының құрамы;

әуеайлақтардың сыныптамасы;

әуе кемелерінің сыныптамасы;

әуе қозғалысы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасының негізгі ережелері:

жалпы ережелер;

Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымы;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібі;/

әуе қозғалысына қызмет көрсету;

эшелондау;

әуе трассаларымен, жергілікті әуе желілерімен және әуе трассаларынан тыс бағыттармен, жергілікті әуе желілерімен ұшу қағидасы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан ұшып өту. Шекаралық белдеу және онда ұшу ерекшеліктері;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын бақылау ;

ұшу жоспарларын және әуе кеңістігін пайдалану өтінімдерін, әуе кемелерінің қозғалысы туралы хабарламаларды беру тәртібі;

әуе кеңістігін пайдалануға уақытша режимдер мен қысқа мерзімді шектеулер қою тәртібін әзірлеу және белгілеу.

76. Ұшу қағидасы мен әуедегі навигация негіздері:

1) ұшу қағидасы:

анықтамаларды білу;

жалпы ережелер;

әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету;

әуе кемелерінің ұшуы (негізгі талаптар, ұшуларды орындау, ерекше жағдайларда ұшу, ұшудағы ерекше жағдайлар);

іздістіру және құтқару;

апат және шұғылдық сигналдарының тізбесі;

апат сигналы мен хабарламасын беру тәртібі;

азаматтық әуе кемелерін ұстау;

2) әуе навигациясының негіздері:

ұшу бағыттары, ұшу бұрыштары, азимут (пеленг, бағыт бұрышы);

жылдамдықтың навигациялық үшбұрышы және оның элементтері;

ұшу жылдамдығы;

ұшу биіктігі мен қауіпсіз ұшу биіктігін есептеу;

ӘҚҚ-ға байланысты әуедегі навигация міндеттерін шешу.

77. ӘҚҚ-ға байланысты авиациялық оқиғалар:

1) себеп салдары, авиациялық оқиғаларды зерттеу қорытындылары бойынша кемшіліктер мен ұсынымдар;

2) авиациялық оқиғалар туралы жалпы ережелер, анықтамалар, сыныптамалар мен хабарландырулар.

78. Әуе қозғалысына қызмет көрсету:

1) ӘҚҚ-ға қатысты бөлігінде ұшуды орындауды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығымен бекітілген Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету нұсқаулығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 нөмірімен тіркелген):

анықтамалар мен жалпы ережелер;

әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметі және оның жұмысын ұйымдастыру;

әуе кеңістігін ұйымдастыру;

әуе қозғалысына қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

әуе қозғалысын жоспарлау және ағындарын ұйымдастыру;

әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ұшу-ақпараттық қызмет көрсету;

авариялық хабарлау қызметі;

бақылау негізінде қызмет көрсету;

3) әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің жұмыс технологиясы:

жалпы ережелер;

кезекшілікке дайындалу және кезекшілікті қабылдап алу;

әуе қозғалысына қызмет көрсетуді беру межелері;

әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ерекше жағдайларда ұшу және ұшудағы ерекше жағдайлар кезіндегі әуе қозғалысына қызмет көрсету.

79. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен бекітілген Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6635 нөмірімен тіркелген):

радиоалмасудың жалпы қағидалары;

радиохабар тарату кезінде қолданылатын радиоалмасу фразеологиясы;

авариялық және шұғыл байланыс қағидалары;

әуе қозғалысына қызмет көрсетудің диспетчерлік пункттері арасында ақпаратпен алмасу.

80. Авиациялық метеорология:

авиациялық метеорологияның негізгі теориялық мәселелері;

авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді регламенттейтін құжаттардың негізгі ережелері;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 252-ө және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 435 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидасына сәйкес әзірленген. Әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету нұсқаулығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6600 нөмірімен тіркелген);

метеорологиялық байқаулар мен жиынтықтар;

әуе кемелерінің бортынан байқау және хабарлау;

ауа райы болжамдары;

қауіпті метеорологиялық жағдайлар мен ауа-райы құбылыстары туралы ескертулер;

ауа райының авиациялық карталары;

әуедегі ӘК экипаждарын метеоақпаратпен қамтамасыз ету.

81. Қолданылатын ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланыс құралдары:

1) радиолокациялық, радионавигациялық жабдықтардың және авиациялық электр байланыс құралдарының тактикалық-техникалық сипаттамалары;

2) радиолокациялық, радионавигациялық жабдықтарды орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаты.

82. Шет тілі:

1) радиотелефон байланысында қолданылатын тілде радиобайланыс жүргізе білу;

- 2) радиотелефон байланысында қолданылатын тілде сөйлесе алу және оны түсіну;
- 3) радиотелефон байланысында қолданылатын тілде шығарылған аэронавигациялық ақпарат құжаттарын қолдана білу.

83. Адамның әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері мен шектеулері:

- 1) адам факторының әуе қозғалысына қызмет көрсету кезіндегі ықпалы;
- 2) Аэродинамика негіздері, ӘК-нің ұшу-техникалық сипаттамалары:
ӘК-нің негізгі геометриялық көрсеткіштері;
ӘК-нің негізгі аэродинамикалық сипаттамалары;
ӘК қанатын механикаландыру;
атмосферадағы жағдайлардың ӘК-нің аэродинамикалық сипаттамаларына әсері.

84. Диспетчер мына салаларда тәжірибелі және білімді болуы тиіс:

- 1) жұмыс технологиясына сәйкес әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 2) әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу қағидалары мен фразеологиясын білу;
- 3) әуедегі және метеорологиялық жағдайды талдай келе, түрлі жағдайларда дұрыс және дер кезінде әрекет ету;
- 4) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс құралдарын жұмыс барысында дұрыс қолдану;
- 5) шектес диспетчерлік пункттермен, ӘК ұшуларын қамтамасыз ететін және бақылайтын қызметтермен және органдармен бірлесіп әрекет ету;
- 6) әуеайлақтағы және(немесе) жауапкершілік аймағындағы апатқа ұшыраған ӘК-ға көмек көрсету үшін тиісті қызметтерді дер кезінде ақпараттандыру.

85. Тиісті біліктілік белгісін (рұқсатын) алар алдында диспетчердің біліміне осы Біліктілік талаптарының 73-85-тармақтарында аталған ережелерге қосымша мынадай талаптар қойылады:

- 1) брифинг диспетчерлік пунктіне рұқсат алу кезінде:
әуеайлақтың бас жоспары, физикалық сипаттамалары;
әуе кеңістігінің құрылымы;
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;
аэронавигациялық құралдар;
ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс құралдары және оларды қолдану;
жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;
әуе қозғалысының сипатты ерекшеліктері;
ерекше жағдайлар және ұшудағы жағдайлар;
авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары;
- 2) РДП, СДП, МДП, ШДП, ЖДП-ға рұқсат алу кезінде:

әуеайлақтың бас жоспары, физикалық сипаттамалары және көзбен шолу құралдары;
әуеайлақ ауданындағы әуе кеңістігінің құрылымы;
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;
аэронавигациялық құралдар;

ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс құралдары және оларды қолдану;

жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;
әуе қозғалысының сипатты ерекшеліктері;
ерекше жағдайлар және ұшудағы жағдайлар;

авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары;

3) АДП (АДО) немесе ЖДП-ға рұқсат алу кезінде:

әуеайлақтың бас жоспары және физикалық сипаттамалары;
әуе кеңістігінің құрылымы;
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;
аэронавигациялық құралдар;

ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс құралдары және оларды қолдану;

жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;
әуе қозғалысының және әуе қозғалысы ағынының сипатты ерекшеліктері;
ерекше жағдайлар және ұшудағы жағдайлар;

авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары.

86. Тиісті біліктілік белгісін (рұқсатын) алар алдында диспетчердің машықтарына (машықтануына) осы Біліктілік талаптарының 73-85-тармақтарында аталған ережелерге қосымша мынадай талаптар қойылады:

Үміткер бекітілген бағдарлама бойынша теориялық дайындық курсынан және ӘҚҚ диспетчерінің (нұсқаушысының) жетекшілігімен машықтанудан жақсы өтті деп саналады, егер ол:

1) брифинг диспетчерлік пунктінде біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуе қозғалысына қызмет көрсетуді кемінде 140 с жүзеге асырған болса;

2) РДП біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 140 с жүзеге асырған болса;

3) СДП біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 280 с жүзеге асырған болса;

4) ЖДП біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 280 с жүзеге асырған болса;

5) ШДП, МДП біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 430 с жүзеге асырған болса;

6) ЖДП біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 430 с жүзеге асырған болса;

7) ЖДП-дағы тәртіптік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты ұшудың орындалуын кемінде 280 с қамтамасыз еткен болса;

8) АДП-дағы (АДО-дағы) радиолокациялық бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты диспетчерлік қызмет көрсетуді кемінде 460 с жүзеге асырған болса;

9) АДП-дағы (АДО-дағы) тәртіптік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты ұшудың орындалуын кемінде 280 с қамтамасыз еткен болса;

10) диспетчер-нұсқаушының біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты, бөлімшеде екі немесе кемінде үш біліктілік белгісі (рұқсаты) болса, оған қатысты біліктілік белгісі мен кемінде үш жыл жұмыс өтілі талап етіледі;

11) аға диспетчердің біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты, ӘҚК-ны бақылауды және ұйымдастыруды кемінде 310 с жүзеге асырған, қамтамасыз еткен болса, бөлімшеде екі немесе кемінде үш біліктілік белгісі (рұқсаты) бар болса, оған қатысты біліктілік белгісі мен кемінде үш жыл жұмыс өтілі талап етіледі;

12) ұшу басшысының біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты, әуе қозғалысына қызмет көрсетуді бақылау мен ұйымдастыруды кемінде 310 с жүзеге асырған, қамтамасыз еткен болса, бөлімшеде екі немесе кемінде үш біліктілік белгісі (рұқсаты) бар болса, оған қатысты біліктілік белгісі мен кемінде алты жыл жұмыс өтілі талап етіледі;

13) әуе қозғалысын жоспарлау, бақылау және үйлестіру диспетчеріне қатысты әуе қозғалысын жоспарлауды, бақылауды және үлестіруді бөлімшеде 300 с бойы қамтамасыз еткен болса, оған қатысты біліктілік белгісі талап етіледі;

14) ӘҚЖ БО-ның ауысым бастығының біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты, әуе қозғалысын жоспарлауды бақылау мен ұйымдастыруды кемінде 300 с жүзеге асырған, қамтамасыз еткен болса, бөлімшеде кемінде екі біліктілік белгісі (рұқсаты) бар болса, оған қатысты біліктілік белгісі мен кемінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі.

87. Егер диспетчерде басқа санаттағы ӘҚК диспетчерінің біліктілік белгісі немесе басқа бөлімше бойынша тура осы біліктілік белгісі бұрыннан болса, талаптар дәрежесі жоғарыда аталған талаптардан 30%-ға дейін азаюы мүмкін.

88. Тиісті біліктілік белгісін (рұқсатын) алар алдында диспетчердің шеберлігіне осы Біліктілік талаптарының 73-85-тармақтарында аталған ережелерге қосымша мынадай талаптар қойылады:

Үміткер қауіпсіз, ретке келтірілген және жедел диспетчерлік қызметтің көрсетілуін қамтамасыз ету үшін талап етілетін шешім қабылдау және міндеттерді орындау шеберлігі мен қабілетін берілетін құқықтарға сай деңгейде көрсете білді.

89. ӘҚҚ диспетчерінің екі біліктілік белгісін (рұқсатын) бірге сұраған жағдайда, куәлік беретін өкілетті орган әрбір біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты талаптарды анықтайды.

90. Төменде көрсетілген бір немесе бірнеше біліктілік белгісі (рұқсаты) қойылған ӘҚҚ диспетчері куәлігі иесінің құқықтары:

1) брифинг диспетчерлік пунктінің немесе әуеайлақ ауданындағы диспетчерлік пункттің (АДО) (РДП, СДП, МДП, ШДП) диспетчерінің біліктілік белгісі – осы куәлік иесі аттестациядан өткен әуеайлақта әуеайлақтық диспетчерлік қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етеді;

2) ЖДП диспетчерінің біліктілік белгісі – жақындау кезінде (Approach) диспетчерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін диспетчерлік органның құзырындағы осы куәлік иесі аттестациядан өткен әуе кеңістігі шегінде немесе осы әуе кеңістігінің бір бөлігі шегінде әуеайлаққа немесе әуеайлақтарға жақындау кезінде диспетчерлік қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етеді;

3) АДП-дағы (АДО-дағы) радиолокациялық бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі – осы куәлік иесі аттестациядан өткен әуе кеңістігі шегінде немесе осы әуе кеңістігінің бір бөлігі шегінде радиолокаторды қолданып, әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданында диспетчерлік қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етеді;

4) АДП-дағы (АДО-дағы) тәртіптік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі – осы куәлік иесі аттестациядан өткен әуе кеңістігі шегінде немесе осы әуе кеңістігінің бір бөлігі шегінде стриптерді немесе графикалық бақылауды қолданып, әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданында ұшулардың орындалуын қамтамасыз етеді және/немесе диспетчерлік қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етуді бақылайды.

91. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері біліктілік белгісінде көзделген функцияларды 6 ай ішінде жүзеге асырмаған жағдайда, біліктілік белгісі күшін жоғалтады.

30. Аса жеңіл авиацияның кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маманға (техник/механик) қойылатын біліктілік талаптары

92. Аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігіне үміткер 18 жастан үлкен болуы қажет.

93. Аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігінің үміткер бекітілген бағдарлама бойынша дайындықтан өтуі және мына салаларда білімінің болуы:

1) әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сертификаттау және ұстап тұратын процесін реттейтін ұшу жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру әдістері мен рәсімдерін қоса алғанда, әуе

кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маман куәлігінің иегеріне қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасында әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы;

2) математика негіздері, өлшем бірліктері, физика мен химияның іргелі қағидаттары мен теориялық негіздері;

3) аса аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі тиісті басшылықтарда көзделген әдістемелерге сәйкес әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сақтау, күрделі жөндеу әдістері мен рәсімдері, ағымдағы жөндеу, тексерулер, ауыстыру, әуе кемесін және оның құрауыштары мен жүйелерін жаңғырту немесе конструкцияларының ақауларын жою үшін қажетті жұмыстарды орындау.

94. Аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маманға мыналар қажет:

1) заттың теориялық негіздерін түсінуі;

2) егер қолдануға келсе, үлгі мысалдарды пайдалана отырып, заттың жалпы сипаттауын бере білуі;

3) затты сипаттайтын құжаттарды, сызбаларды және схемаларды оқи білуі және түсінуі;

4) нақтыланған рәсімдерді пайдалана отырып, өзінің білімін практикада қолдана білуі қажет.

95. Аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі маманға: тәжірибе болуы:

орта (толық) білімі болған кезде пайдалануда кемінде бір жыл техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі практикалық жұмыс тәжірибесі болуы; немесе

орта кәсіптік білімі болған кезде пайдалануда кемінде алты ай техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі практикалық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

Тізбеге

5 қосымша
Авиация персоналының
шет мемлекеттер берген
куәліктерін тану ережесіне
I-қосымша
Нысаны

Елтаңба

Уәкілетті органның атауы

Уәкілетті органның мекенжайы

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеті берген куәлігін тану өтініші

Personal Data /Персоналдың деректері:

Last Name/Тегі:..... Given Names/Аты:.....

Address/Мекенжайы:..... Date of Birth/Туған күні:....

Employing Company/Авиакомпания:.. Passport No/ төлқұжат №.....

Licence to be validated/..... Number/ Нөмірі:.....

Валидацияға берілген авиациялық
персонал куәлігі

Licence Data/Лицензияның деректері:

Type of Licence/Лицензия үлгісі:...

Licence Number/Лицензия нөмірі:....

Type Ratings/ Рұқсаттар:..... Limitations/Шектеулер:.....

Issued by/Берілген орны:..... Expiry Date/Қолданылу мерзімі:

Medical Declaration/Медициналық сертификат (ұшқыштар және диспечерлер
құрамының):

Type of Certificate (Class 1/Class 2).. Latest Examination Date:..

Сертификат сыныбы (1-сынып/2-сынып) Соңғы тексеру күні:

Expiry Date/Қолданылу мерзімі:.... Limitations/Шектеулер:...

Flying Experience/ Ұшу уақыты (ұшқыштар құрамының):

Total hours on A/C Type Requested:... Total Night Flight Time:

әуе кеменің сұратылған үлгісіндегі

жалпы ұшу сағаттары Жалпы түнгі ұшу сағаттары

Total Flight Time as Pilot In Command (PIC)..

Әуе кеме командирінің жалпы дербес ұшуы

Total hours as First Officer.....

Екінші пилот ретінде жалпы ұшу

Total PIC on Multi Crew Aircraft * Total Instrument Time:

Көп қозғалтқышты әуе кемесімен Аспап бойынша ұшу ережесі

жалпы дербес ұшу.... бойынша жалпы ұшу:

Total Time:.....

Жалпы ұшу:

* (*Captain on MPA + 50% Co Pilot on MPA*) * (Көп қозғалтқышты әуе кеменің
командирі +50% көп қозғалтқышты әуе кеменің екінші пилоты)

Currency Data/Қолданылу мерзімі туралы деректер: Landings within 90 days >3? (Y/N
) / 90 күн ішіндегі қонулар >3? (ия/жоқ)

Latest Proficiency Check Date / Тренажерден өту күні:

.....

Name of Examiner / Нұсқаушы:

Latest Date Flown / Алдыңғы ұшу күні:

DECLARATION

ӨТІНІШ

I hereby declare that the above supplied information is truthful and correct. I am aware
that I may not exercise privileges other than the privileges authorized by my licence under its

conditions and limitations, and which may be further limited by the Department of Civil Aviation Authority Republic of Kazakhstan.

Өзім берген ақпараттың дұрыс екендігін растаймын. Менің лицензиямда жазылған немесе Қазақстан Республикасының Авиациялық билік орындары белгілеген бір де бір шектеулерден асырмауға тиіс екендігімнен хабардармын.

Date/Күні:.....

Signature of Applicant/Қолы: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК